

ҰЛЫТАУ Өңірі

№ 14 (5985) Сенбі, 11 сәуір, 2015 жыл

Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады



Ерлікке тағзым

4-бет



Ауыл азаматтары
Шарифолланы еске алды

7-бет



Жауды дос еткен
бала

8-бет



Жеңіс жайлы
жүрегіммен жырлаймын

12-бет

«АРДАҒЫМ - АРДАҒЕРІМ» АКЦИЯСЫ



Адамзат баласының тарихында бұрын болмаған қасірет - Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл толады. Бейбітшілік сүйетін әлем үшін аса қадірлі мереке. Сол себепті де Жеңіс мерекесі арамыздағы соғыс ардагерлеріне арналады.

Уақыт өткен сайын заман талабы бейбіт өмір сүру Жеңістің қандай күшпен келгенін ешбір азамат ұмытпай, соғыс тарихын ұрпақтан-ұрпаққа естелік ретінде қалдыратыны сөзсіз.

Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы мен аудандық Мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен 2015 жылдың 2 сәуірінде Қарсақбай кентінде Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдірахман Ербосыновпен жастардың сұхбаттасу акциясы жүзеге асырылды.

Акция аясында ардагер сұрапыл соғыс жайлы айтып берді. Жастарға өз сөзін түйіндей келе, соғыс салған жараның орны әлі жазылған жоқ, сондықтан қанмен, термен, жаспен келген Жеңіс – ең Ұлы Жеңіс, киелі Жеңіс, қадірлі Жеңіс – мақтанышпен еске алып отырыңдар – деді.

Ардагер атамызға Абылайхан атты немереңіздің қызығы мен қуанышын көрсете берсін. Және де Жеңіс атты қуанышты күндерге үлес қосқан Сіздей қарттарымызға біз жастар мың алғыс айтамыз!

Сіздердің арқапарыңызда, бүгінгі таңда күніміз бейбіт, өміріміз жайдары, көңіліміз ашық, шабытты жастармыз!

Ұлы Отан соғысында Отан-Ананы кеудесімен қорғаған қаһармандар рухына бас иіп, олар әкелген данқты жолдарын біз тек ерлік еңбекпен жалғастыра аламыз.

Қ. НҰРҒАЛИ,
Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығының инспекторы.

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті сайлаушылар! 2015 жылдың 26 сәуірінде өтетін ҚР Президентінің сайлауы күні, Ұлытау селосындағы аудандық Мәдениет үйінде орналасқан №549 Ұлытау сайлау учаскесі таңғы сағат 7.00-ден кешкі 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

Селодағы Абай, Аманкелді, Жамбыл, Иманжанов, Бұлқышев көшелерінің сайлаушыларын Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы үшін өз таңдауларын жасап, дауыс беруге шақырамыз!

№549 Ұлытау сайлау учаскесі мына мекен-жайда орналасқан: Ұлытау селосы, Абай көшесі, 2-үй, аудандық Мәдениет үйі. Байланыс тел: 2-13-14.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ҮНДЕУІ

(ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 25-2 бабына сәйкес)

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабын басшылыққа алып, прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-із-дестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Заңының 25-2-бабына сәйкес прокуратура органдары заңдылықты қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға үндеу жасауға құқылы. Бұл ретте үндеу бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланыла отырып немесе өзге де жария ету тәсілімен таратылады. Осыған орай, Қарағанды облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы Қарағанды облысының тұрғындарына уылдырық шашу уақытында балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу туралы үндеуге назар аударылып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 303 Қаулысына сәйкес «Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» Қарағанды облысында балық шаруашылығы су айдындарда шектеу мен тыйым салу, уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде: 1). Нұра-Сарысу балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу: - Нұра-Сарысу бассейнінің су айдындарында: көксерке – 20 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта; тұқы (сазан) – 15 мамырдан 30 маусымды қоса алғандағы аралықта аулауға; - Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың барлық су қоймаларында (Екі-

бастұз, №1-11 гидротораптары, №29 Тұзды су жібергіші): көксерке – 20 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта; тұқы (сазан) – 1 мамырдан 30 маусымды қоса алғандағы аралықта аулауға тыйым салу енгізілсін. Тыныштық аймағын құру мақсатында мынадай орындарда: - Шерубай-Нұра су қоймасы – Шерубай-Нұра өзенінің сағасынан 1 км, Шерубай-Нұра өзенінің сағасынан су қойманың оңтүстік жағалауымен 2 км және сағадан солтүстік жағалаумен 1 км жердегі Шерубай-Нұра өзенінің саға алды учаскесінде; - Самарқанд су қоймасы – солтүстік жағалаумен 2 км бойы және оңтүстік жағалаумен 1,5 км бойы су қойманың шығыс бөлігінде, сондай-ақ 500 метр (бұдан әрі – м) сағадан шығысқа қарай Нұра өзенінің арнасында; - Шалқар және Рудный көлдері – өзара байланыстыратын жылғада, шығанаққа дейінгі Рудный көлінде, 500 м Шалқар көлінің ішкі бағытындағы учаскеде жыл бойы балық аулауға тыйым салу енгізілсін. 2). Балқаш-Алакөл балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу: - Балқаш көлінде 15 сәуірден 1 маусымды қоса алғандағы аралықта; - Балқаш көліне құятын сағалардан 5 км ағыспен жоғары бағытта, сондай-ақ Балқаш көлінің ішкі бағыттарында және екі жақтағы 5 км кеңістіктегі сағаларды, жылғаларды және жайылымдарды қоса алғанда, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз өзендерінде 15 сәуірден 1 маусымды қоса алғандағы аралықта; Балқаш көлінде жылымдарды қолдана отырып қанаттары толық ашылғаннан кейін екі қанатын бір уақытта моторлы тарту (талдау тәсілі) арқылы балық аулауға тыйым салу енгізілсін. Осыған байланысты, балық аулау қағидаларын бұзғаны және балық ресурстарын заңсыз алу үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 383-бабында көзделген әкімшілік жауаптылық және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 335-бабында қылмыстық жауаптылықтар көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген мәселеге байланысты, мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы облыстық тұрғындарына үндеу жасай отырып, экологиялық заңнамасын сақталуын қажет екендігін және құқық бұзушылық пен қылмыс жасалғаны үшін жазаның қайтымсыздығын түсіндіреді.

Т.МҰҚАШЕВ,
Табиғат қорғау прокуроры,
әділет кеңесшісі.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл

ҰРПАҚҚА ҮЛГІ БОЛҒАН ЕРЛІК!

Кайрат ЖҰМАБАЕВ

Аудандық Орталық кітапхананың ұйымдастыруымен Мәдениет үйінің фойесінде Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланысты «Ұрпаққа үлгі болған ерлік!» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге аудандық «Нұр Отан» партиясынан, мәслихаттан, Қорғаныс істері бөлімінен және Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің ұрпақтары, №1 Ұлытау орта мектебінің оқушылары қатысты.

Жиналған көпшілік соғыс жылдарында қаза тапқан боздақтарымызды бір минут үнсіздікпен еске алды. Қанша жылдар өтсе де Ұлы Отан соғысы тарих бетінде мәңгі қалды. Сұрапыл соғыста өмірін тәуекелге тігіп, жаумен шайқасқан жауынгерлеріміз біздің ғаламға бейбітшілік сыйлады. Болашақтың мүддесін көздеді, әр жүрек лүпілі «Отан үшін жан пидә» деп соқты.



Аудандық мәслихаттың хатшысы мерекелік шараның мерейін асқақтата түсті. Елге танымал, белгілі тұлға, Нияз ақынның баласы Сейтжанның майданда жазған өлеңдерін жатқа айтып, асқақты өктем үні жиналғандардың жандүниесін толқытты. Сонымен қатар Ұлытау ауданынан соғысқа аттанған

жерлестеріміздің жалпы санын дәл цифрмен дәлелдеп берді. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, аудан орталығында мемориалдық тақта орнатылатынын тілге тиек етті. Аудандық «Нұр Отан» партиясының бірінші орынбасары Ж.Бабатаев соғыстың елге тигізген зардабын, отты жылдардағы жауынгерлеріміздің ерліктерін үлгі-өнеге етіп, жастарға сенім артып, келешегіне бейбітшілік тіледі.



Даңқ пен мансапты мақсат тұтпады. Елдің келешегін, ұрпақтың қамын ойлады. Олардың жанқиярлық пен қаһармандық ерліктері кейінгі толқынға өшпес із қалдырды. Осыған лайықтап батыр жерлестеріміз С.Асатов, Б.Бұлқышев туралы 1978 жылы «Қазақфильм» студиясы түсірген «Байқоңырдан шыққан екеу» атты деректі фильм көрсетілді. Бұдан кейін Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің ұрпақтарына мектеп оқушылары сауал қойып, әңгімені өрбітті. Алғашқы қойылған сауалға еңбек ардагері Қ.Бекілдеков әкесі жайлы әжесінің айтуы бойынша көкейге тоқығанын, жүрекке түйгенін ұнтаспаға жазылғандай етіп әсерлі әңгімелеп берді. Сыр-сұхбат одан әрі жалғасын тауып, Қ.Аманжолов, Б.Бөлекбаева, Е.Сыздықов, Ж.Құтыбарова, Ә.Әбілдаева әкелері жайлы ой толғап, естеліктер айтты.

Сыр-сұхбаттан кейін кеш қонақтары Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған көрмені тамашалады. Көрмеге Ұлы Отан соғысынан сыр шертетін ақын-жазушыларымыздың кітаптары, жерлестеріміздің қан майданда жазған сарғайған хаттары, фотосуреттері қойылды. Мәдениет үйі өнерпаздарының орындауында «Көрөғлы» күйі, «Алға, Қазақстан!» әні шырқалды. Мектеп оқушылары жауынгер жерлестеріміз Қ.Айтмағанбетов, Б.Әубәкірұлының майдан даласында жазған өлеңдерінен үзінді оқыды.

Дөңгелек үстел басында қазақстандық патриотизмге көңіл бөлініп, Отанға қалтқысыз қызмет көрсетуді алға тартып, Жеңімпаз халықтың өршіл рухын өнеге етті. Аудандық кітапхана ұжымының Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланысты өткізген айшықты іс-шарасы тартымды өтті.

Тыл ардагеріне – құрмет

АТАМ ҮШІН МАҚТАНАМЫН

Биыл 2015-ші жыл ТМД елдері бойынша Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай «Ардагерлер жылы» деп белгіленді. Осыған орай жер-жерде қаншама игі жұмыстар жүріп жатыр. Республикада «Ардагерім – ардағым» атты акция жүруде. Акция барысында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, тыл ардагерлеріне де үлкен құрмет, қошаметтер жасалып жатыр.

Ал менің атам Қарлыбай – тыл ардагері. Мен бұған мақтан етемін. Себебі сонау дүрбелең жылдары өмірге келген атам еңбекқор шаруа әкесі Жетібай мен шешесі Жамалдың тәрбиесінің арқасында оқу оқып, білім алды. Алғашында педучилищені, сосын Қарағанды пединституты-

тын бітіріп, ұстаздыққа қол жеткізді. Бос уақыттарында, демалыс күндерінде ауылымыздың шаруашылығына көмектескен. Тіптен жаз бойы шөп шауып, трактор да жүргізді. Осындай еңбектерінің арқасында атам көпшіліктің құрметіне бөленді. 1947 жылдан бастап бір мектепте 50 жыл шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз болды. 1955-57 жылдары «Бірлестік» колхозында мектеп директоры болып қызмет атқарды, сосын ол мектепте 30 жыл бойы директордың оқу ісінің меңгерушісі болды. Қазір омырауында Қазақ ССР-нің озық қызметкері төсбелгісімен бірге В.И.Лениннің 100

жылдығы» медалімен, Тыл ардагері, Жеңістің атаулы мерекелерінде алған көптеген медальдары жарқырайды. Жолдасы, әжем Дариға Жөкейқызы да математика пәнінен беретін үздік ұстаз еді. Екеуі бірігіп мектепте еңбек етіп жүргенде ауылымыз қызыға да тамсана да қарайтын еді. Қазақ ССР-нің, ССРО-ның озық қызметкері төсбелгілерімен марапатталған. Әжем Дариға 2002 жылы өмірден ертерек озып кетті. Бірақ артында ұл-қыздары өмірін жалғастырып жатыр. Үш ұл, төрт қыз тәрбиелеген атам мен әжемнің ұстаздық жолын Ғазизі, Ғазизасы, Бейбіткүлі мен Айгүлі

жалғастыруда. Менің әке-шешем де ұстаздар. Әкем Әмзе тарихшы, анам Саида тіл маманы болып еңбек етті. Ұстаздар әулетінен шыққанымды мақтан тұтамын.

Ардагер атама әлемдегі бар жақсылықты тілеймін. Ауырмай араның қызығымызға ортақтасып, аман-есен жүре берсін. Атамның ардагер жолдастары Зият, Әбдірәсіл, Түгелбай, Сәруар, Айтқұрман, Асансейіт аталарды да Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесімен құттықтаймын. «Атасы бардың – қазынасы бар» дегендей, аталар аман болсын!

Назгүл ЖЕТІБАЕВА.
Сарысу ауылы.

Президент сайлауы – 2015



САҰЛАУҒА ӘЗІРЛІК ОҰДАҒЫДАҰ

Енді бірер аптадан соң елімізде кезектен тыс Президент сайлауы басталады. Осы саяси науқанға Ұлытау ауданы қандай дайындықпен келіп отыр? Жалпы, бұл сайлаудың қандай өзгешеліктері бар? Аудандық сайлау комиссиясының төрайымы Гүлнар Ауғановамен әңгіме осы және өзге де сауалдар төңірегінде өрбіді.

– Гүлнар Мәдениетқызы, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына санаулы күндер қалды. Ауданда осынау саяси додаға дайындық барысы қандай?

– Иә, бұл сайлаудың мәні де, маңызы да ерекше. Бұл сайлауда Қазақстан халқы мемлекетіміздің тағдыры мен келешегін сеніп тапсыратын тұлғаға өз таңдауларын жасайтын болады.

Өздеріңізге мәлім, үш үміткер – қазіргі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан коммунистік халық партиясының өкілі Тұрғын Сыздықов және өзін-өзі ұсынушы Әбілғазы Құсайынов – Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына түсіп отыр. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуірінде өтеді.

Кезектен тыс Президент сайлауына аудан бойынша 7154 сайлаушы қатысады деп болжануда. Бұл сандар әлі өзгеретін болады. Өйткені, Ұлытау ауданының аумағынан өтіп жатқан Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл теміржолының бойында көптеген адамдар еңбек етіп жатыр. Олар өздері тұратын мекен-жайларынан есептен шығару куәлігін алып келетін болады.

– Қанша сайлау учаскелері жабдықталып, жұмыс істеуде?

– Сайлаушыларға ыңғайлы болуы үшін ауданда 30 сайлау учаскелері жабдықталып, жұмыс істеп жатыр. Халқының санына қарай кейбір селолық округтер мен кенттерде екі сайлау учаскесінен құрылған.

– Ілгерідегі бір сайлауларда азаматтар өздерін тізімнен таппай қалған жайттар да орын алған еді...

– Иә, сайлаушыларды нақтылау да өз алдына үлкен жұмыс. Бұл жұмысты да ойдағыдай жүргізе алдық. Аудандық атқарушы биліктер тиісті сайлау учаскелеріне сайлаушылар тізімдерін тапсырды. Учаскелік комиссиялар мүшелері үйлерді аралап, сондай-ақ телефон арқылы сайлаушылар тізімін нақтылау жұмыстарын жүргізді.

Азаматтар тұрғылықты мекен-жайының нақты бір сайлау учаскесі аумағына бекітілуіне байланысты сол учаскеге қарасты сайлаушылардың тізіміне енгізіледі. Сайлаушыларға дауыс беру уақыты мен орнын нақты хабарлау мақсатында әр үйге, әр пәтерге шақыру қағаздары таратылады.

– Өз елімізде, не болмаса республикадан тысқары жерлерде іс-сапарда жүрген азаматтар қалай дауыс беретін болады?

– Бұл мәселе де алдын-ала ой-

ластырылған. Егер сайлау күні сайлаушы басқа қалада болса да, дауыс беруге мүмкіндігі бар. Ол үшін өзі тіркелген сайлау учаскесінен есептен шығару куәлігін алуы қажет. Осы куәлікпен ол Қазақстанның кез-келген қаласындағы сайлау учаскесінде сайлауға қатыса аласыз.

Ал, Ресейде іс-сапарда жүргендер өздері жүрген қалаларда сайлау учаскелері бар болса, солар арқылы өз таңдауларын жасайды. Мұндай учаскелер Ресейдің бас қаласында бар.

– Биылғы сайлауда тұңғыш рет дауыс беретін қанша азамат анықталып отыр?

– Сайлаушылар тізімін нақтылай келе аудан бойынша алғаш рет дауыс беру үшін сайлау учаскелерінің табалдырығын 18 жасқа толған 35 жас аттағалы отырғаны белгілі болды. Әрине, оларға сайлау күні хал-қадірімізше құрмет көрсетілетін болады.

– Денсаулығына байланысты емдеу орындарында жатқан азаматтардың да дауыс беру құқығын сақтау мақсатында қандай шаралар қарастырылған. Жалпы, сайлау учаскелеріне келіп дауыс беруге жағдайы жарамайтын адамдар бар. Өздерінің дауыс беру құқығын пайдалану үшін оларға қандай мүмкіндік беріледі?

– Емдеу орындарында жатқан, не болмаса жүріп-тұруы қиын қарттар мен мүгедектерге, қандай да бір ауыр дертке ұшырауына байланысты сайлау учаскесіне келіп дауыс бере алмайтын жандар өздері тіркелген сайлау учаскесіне алдын ала арыз жазулары тиіс. Мұндай арыздар дауыс беретін күнгі сағат 12-ге дейін де қабылданады. Сол арыздар негізінде комиссия мүшелері олардың үйде отырып дауыс беруіне мүмкіндік жасайды. Емханада жатқандардан да сайлау учаскесінің мүшелері өздері барып дауыс алады.

– Сайлаушыларға айтар қандай тілегіңіз бар?

– Өңгіміміздің басында бұл сайлаудың мәні де, маңызы да ерекше екенін айтып кеттім. Сөз соңында сайлаушыларға мынаны ерекше айта кеткім келеді: сайлау – елдегі демократия дамуының көрсеткіштерінің бірі болса, ал Мемлекет басшысын сайлау – ел өміріндегі ең маңызды оқиғалардың бірі екені сөзсіз. Өз тағдырына, ел тағдырына алаңдайтын сайлаушылардың барлығы да 26 сәуірде сайлау учаскелеріне келіп, өз таңдауларын білдіреді деп үміттенемін.

– Өңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ.

Ұлытау ауданына қарасты №11 Қоскөл орта мектебінде қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үрдісінде қолдану» тақырыбында екі күнге жоспарланған әдістемелік күндер өткізілді.

ББҰ шешімі бойынша «XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры» деп атаған болатын. Себебі, XXI ғасыр – сандық ақпараттық техникалардың шарықтау шегіне жеткен дәуір. 2010-2011 жылдарға арналған бағдарламаның басты жаңалығы білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізудің тұжырымдамалық негіздері – ұстаздардың ақпараттық-коммуникативтік және техноло-

бойында қаншалықты қалыптасқандығын анықтау бағытында он сұрақтан тұратын сауалнамаға жауап іздеумен қорытындыланды. Технология пәні ұстазы - Б.Мәделхановтың «Сандық сауаттылық таныстырылымы» тақырыбындағы жұмыстары, ағылшын тілі пәні ұстазы Т.Жандильдинованың «Excel, мой файл, электронды почта, Aktivstudio» программаларымен дайындаған сарамандық

ӘДІСТЕМЕЛІК КҮНДЕР ӨТТІ



гиялық құзырлылығын қалыптастыру екені баршаға аян. Осы мақсатты жүзеге асыруда ұйымдастырылған семинар «АКТ-ны оқыту үрдісінде қолдану» тақырыбындағы баяндамасымен ашылып, «электронды портфолио құру талаптары» сарамандық жұмысымен (баяндамашы – әдіс бірлестік жетекшісі Р.Т.Ибраева), «Тұрақтылық стратегиясы» (қазақтілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы К.Т.Кожамбетова) тақырыбындағы түсіндірме жұмысы бойынша жалғасын тапты. Баяндама барысында білім берудегі жаңашыл идеяларды оқытуда жүзеге асыратын ұстаз пәндік, педагогикалық, технологиялық білім салаларына құзиретті болу керектігіне баса назар аударылды. Үш білім салаларының қиылысу нүктесінде технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білім (ТПМБ) орналасқандығын түсіндіре отырып, осы үш білім саласы арасында өзара байланысты іске асыруға қабілетті мұғалім жоғары деңгейдегі кәсіпқой болып табылатын деген ой тұжырымдадық. Алғашқы күн «АКТ құзыреттілігінің үлгілік базасындағы құзыреттіліктердің» ұстаз

жұмыстарымен басталды. Үш топқа (Google, You Tube, Kiwi) бөлінген ұстаздарымыз сандық технологияларды сабақ кезеңдеріне енгізе отырып үлгілік сабақ жоспарларын жасады. Заманауи сандық технологияларды пайдаланып өткізген сабақтардың тиімділігі, бағалау және пайдалану жүйесі де уақытылы өзгертіп отыруды талап ететініне көз жеткізді. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, ұстаздарға сабақ өткізуде көмектесетін маңызды құрал болып табылатындығын – тарих пәнінің ұстазы Е.Түсіпбеков «электронды тест құрудың тәсілдері» тақырыбындағы жұмысында көрсете, түсіндіре білді. Мақсатымыз орындалды семинардың әр күні ізденіске, өзара тәжірибе алмасуға, әріптестерімізді жаңа қырынан тануға үлкен мүмкіндік берді, әрине бұл игі іс білім сапасының өсуіне, дарындыны танып білуімізге өз ықпалын тигізері сөзсіз.

Ш. ТІЛЕУОВА.

№11 Қоскөл орта мектебі.

ХАБАРЛАМА

Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының жанында кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында Кеңес жұмыс істейді. Ай сайын Кеңес отырысы өтеді.

Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының директорының 18.03.2015 жылғы бұйрығымен жаңа кеңес мүшелері бекітілді.

Төраға - Торегельдин Серик Макенович – БЗТ «Азаматтық одақ» «Мықты Қазақстан үшін» президенті;

Хатшы - Жмук Геннадий Николаевич, – Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары;

Ахметжанов Ануар Муратович – Қарағанды облысы әкімінің орынбасары;

Огай Александр Григорьевич – Қарағанды облысы прокурорының орынбасары;

Толысбаев Ержан Токтанович – Қарағанды облысының мемлекеттік кірістер Департаменті басшысының орынбасары;

Касенов Берикбол Тлеуханович – Қарағанды облысының ІІД басшысының орынбасары;

Нургалиев Арман Жомартович – ҚР Агенттігі Қарағанды облысының мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа күрес Департаменті басшысының орынбасары;

Кенжебаева Нургуль Нурпеисовна – Қарағанды облысы Әділет Департаменті басшысының орынбасары;

Тукбаева Айман Бекбулатовна – Қарағанды облысының мәслихат депутаты;

Киздарбекова Антонина Сериковна – Қарағанды мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі ;

Распопов Николай Иванович – БЗТ ж/е ЖК «Жезқазған аймағының кәсіпкерлік және өнеркәсіп ассоциациясының» төрағасы ;

Перов Александр Михайлович – ЖШС «Инвестиция және жекешелендіру Бюросы» қаржы директоры;

Рысбеков Марат Галымович – Қарағанды облысының қорғаушылар коллегиясының қорғаушысы;

Рыжков Владимир Иванович – Қазақстан Журналистер Одағының Қарағанды облысы филиалының төрағасы.

Кеңестің хатшылық қызметі; Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқығын қорғау бөлімінің басшысы - **Олейник Юлия Сергеевна**, тел. 8 (7212) 50-64-13, e-mail: y.oleinik@palata.kz

Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының Ұлытау ауданы филиалының директоры С.ОСПАНОВ.

Тел. 8(71035) 2-14-15. e-mail: s.ospanov@palata.kz



Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды

ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ

Азаматтық алу, бейбіт өмірге қол жеткізу қай қалыққа да оңай түспеген. Өткен әрбір соғыс мыңдаған, миллиондаған адам шығынын әкеліп, қаншама мемлекетті күйретумен тарихта таңба болып қалды. Ұлы Отан соғысы деген атпен қалған қырғында 27 миллиондай Кеңес Одағының адамы шейіт болды. Қазақстаннан алынған жауынгерлер де жауға қарсы жан аямай шайқасты.

Соғыс алауын көріп, от кешкен тірі куәгер ардагерлеріміз бұл күнде саусақпен санарлық қалған. Сондай қазыналарымыз қазір біздің кентімізде жеңісіміздің, тәуелсіз ел болуымыздың көрінісі ретінде ұрпақ тәрбиелеп, өмір жалғастыруда. Бұл мөлтек сырымызды соғыс және еңбек ардагерлері **Әбдірахман Ербосынов пен Лисота Адам Анисимұлы** туралы болмақ.

Шаруа баққан Ербосын ақсақал Кішітаудың баурайындағы Сарытау төңірегіндегі алғашқы колхоздардың бірі «Большевиктің» мүшесі болды. Мал да бақты, егін де екті. Бәйбішесі Сарыалтын екеуі біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей күн кешіп жатқан. Үлкендері Әбдірахман өздеріне көмекші болып, колхоздың шаруашылығына араласатын жасқа жеткенін көріп, көңілдері өсе түскен. Батыстан ел шетіне жау тиіп, Отанға қауіп төнген күндерді бастан өткеріп жатқан олар ұлдарының да әскерге шақырылатындай жасқа жетіп қалғанын байқамай да қалыпты. Мұны олар Қарсақбай әскери комиссариатынан шақырту қағаз келгенде ғана түсінді. Сөйтіп, 1944 жылдың күзінде Әбдірахман әскерге алынды. Рас, бұл кезде майданнан елді қуантатын да хабарлар келіп жататын. «Жаудың күні бітуге таяу. Қызыл армия фашистерді өзінің ұясында талқандау үшін жойқын шабуылдар ұйымдастырып, күннен күнге тықсырып барады», деген сөздерді естігенде елдегілер соғыс бітіп те қалғандай көңілдері көтеріліп, еңселерін тіктеп алатын. Сондай көңіл күйде жүрген Ер-

босын мен Сарыалтын Әбдірахманның әскерге алынатынын білгенде әжептәуір мұңайып қалды. «Соғыстың жақын күндері аяқталатыны туралы хабар бекер болды ғой, әйтпесе, өрімдей баланы әскерге шақырта ма?» деген олар қалай болғанда да аман-есен қауышуды тілеп, ұлдарын әскерге шығарып салды. Жаманшылықты күнлігері



сезгендей Әбдірахманға тағдыр әкесімен қайта қауышуды жазбаған екен. Ә.Ербосынов №259 – атқыштар полкінің құрамында Молдавия, Румыния, Чехославкия елдерін фашист басқыншыларынан азат ету жорықтарының алдыңғы шебінен табылды. Сол шайқастарда көрсеткен ерлігі үшін бірнеше мәрте дивизия басшылығының Алғыс хатын арқалады. Будапешт қаласын жаудан азат еткенде Жеңістің хабары да келіп жетті. «Енді елге ораламыз!». Жауынгер біткеннің бәрінің көңілінде ортақ үміт осындай болатын. Бірақ әскери тәртіп өз дегенін жасады. Соғыс біткенмен Әбекең елге қайтпай-

тын болды, ол әскери қызметте одан әрі қала берді. Ол туған ауылына жеңістен соң бес жылдан кейін ғана оралды.

Үйелмелі-сүйелмелі інілері Қазі, Наби, Өмірбекті асырап, өсіру, ел қатарына жеткізу тек анасына ғана міндет болып қалған екен, әке дүние салыпты. Сол кезде Әбдірахман әкесіне бір уыс топырақ сала алмағанына қатты налыған. Анасы мен кішкентай бауырларына бас-көз болып, қамқорлық танытып, әке рухы алдындағы парызын ақтау мақсатында тез арада еңбекке араласып кетеді. Қарсақбай ішкі істер бөлімі жеті-сегіз жылдай қатал әскери мектептен өтіп келген оны бірден жұмысқа қабылдады. Ол тез арада өріптестері арасында үлкен абырой иесі болды, құрметке бөленді, қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің үздігі атанды. Тіршіліктің ауанына қарай жығылып, анасы мен бауырларының қамын ойлаған ол бір күнде милиция формасын шешіп, Қарсақбай мыс зауытына слесарь болып жұмысқа орналасты. Еңбекқорлық, жауаптылық, тындырымдылық қасиеттерінің арқасында Әбекең көп ұзамай ауысым шебері, механик болып, кейін зауыттың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бастығына көтерілді. 1985 жылы осы зауыттан зейнеткерлікке шықты. Бірнеше мәрте Қарсақбай поселкелік кеңесінің депутаты атанып, халық аманатын арқалады. Көп жылғы еңбегін бағалаған ұлытаулықтар оған Ұлытау ауданының Құрметті азаматы атағын берді.

Ол құдай қосқан қосағы Қабира екеуі он екі перзент сүйді. Екеуі 43 жыл қол ұстасып қатар жүрді. Қабирасынан оны ажал айырып әкетпегенде олар әлі де өмірдің қызығы мен қуанышын бірге бөлісер еді.

Әбдірахман атаның екі ұлы ішкі істер қызметінде жүріп, біреуі Жезқазғандағы шахта апатынан қаза тапқан. Қалған балалары бүгінде өмірден өз орындарын тапқан, бір-бір қызметтің майталмандарына айналған. Қарсақбай мыс зауытында формалаушы болып еңбек ететін Боран әулетінің қарашаңырағын ұстап қалған. Әйелі Айгүл екеуі Әбекеңнің

қас-қабағына қарап, үлкен кісіні жас баладай мәпелеп, күтіп, бағып-қағып отыр. Әбдірахман ата көптеген Үкімет наградаларымен марапатталған. Атап айтсақ, II Дәрежелі Отан соғысы орденімен, Г.К.Жуков атындағы, КСРО Қарулы күштерінің әрбір онжылдығына қатысты және «1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысына қатысушыға» медальдары, тағы басқа марапаттар иеленген.

Қарт майдангер бүгінде кеудесінде түрлі наградалары жарқырап, немере-шөберелерінің ортасында бақытқа бөленіп отырған жан.

Лисота Адам Анисимұлы 1927 жылы 8-наурызда Моро-



зовко селосы, Карецкий ауданы, Ровенск облысында дүниеге келген.

6 сыныптық кешкі мектепті бітірген ол, ерте еңбекке араласып, 1944 жылы Донецк қаласындағы Бутиловск әскери заводына жұмысқа орналасады. 1944 жылдың күзінде Донецк облысындағы Авдвский райвоенкоматқа шақырылып, Кеңес әскерінің 160-атқыштар полкі құрамына алынды. Соғыс біткеннен 1945 жылдың қараша айында 7518 әскери бөліміне, 1949 жылы 7437 МВД әскери бөліміне ауыстырылған. Аталған әскери бөлімдерде әскери тұтқындар-

ды күзетіп, қалалар мен жолдар құрылысында жұмыс істейді.

1951 жылы Отанға оралып, 1951-1954 жылдар аралығында Ровенск облысындағы ішкі істер бөлімінде бөлім инспекторы қызметін атқарған. 1955 жылы туған жерінде Лисота Пелагея Филиповнамен отау құрады. Сол жылы Пелагея екеуі Қазақстанға келіп, Қарағанды облысы, Қарсақбай кентіндегі мыс заводына тас қалаушы болып жұмысқа орналасады. Онда 1987 жылға дейін жұмыс істейді. Жұмыс істеген жылдары еңбекқорлығымен көзге түсіп, түрлі мадақтаулармен, естелік сыйлықтармен марапатталған. «Еңбек ардагері», «ХІ бесжылдықтың екпіндісі» құрмет атауларына ие болған.

Ол құдай қосқан қосағы Пелагея екеуі 4 ұлды өсіріп жеткізген. Әкесінің өнегелі өмір жолын бүгінгі күні ұлдары жалғастыруда. Үлкен ұлы Николай Челябинск облысындағы Озерск қаласында тұрады. Атом өнеркәсібі ардагері, екінші ұлы Александр да Челябинск облысында тұрады. Запастағы подполковник. Чечен соғысы ардагері. Ресей армиясы құрамындағы үздік еңбегі үшін медалімен марапатталған. Владимир Адамұлы Жезқазған қаласындағы «Қазақтелекомда» қызмет атқарады. Өз ісінің білгірі.

Кенже ұлы Виктор Өрт сөндіру қызметінің запастағы прапорщикі. Қазіргі уақытта зейнеткерлікте. Адам Анисимұлы 7 немере, 4 шөбере сүйіп отырған құрметті қария.

Ел тыныштығы, ұрпақтарының бейбіт те бақытты өмір сүруі үшін жан аямай соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен әрбір ардагер жауынгерлеріміздің көрсеткен батылдықтары ұмытылмақ емес. Олардың ерлігін қадірлеу, еңбегін бағалау кейінгі ұрпақ біздің парызымыз.

Ақтоты ТОҚМЕТОВА.
Қарсақбай кенті.

Соғыс басталғанда мен алты жаста едім. Ауылды бір ауыртпалық басып, елдің еңсесін езіп тұрғандай болатын. Боздақтарын майданға аттандырып, егілген елдің көз жасынан көл тұрғандай еді. Ауылда қалтылдаған қарттар мен ерлерін соғысқа аттандырып жесірлер, әкелері ел қорғауға кеткен жетімдер қалды. Барлық ауыртпалық солардың мойнына түсті. Сол жандар егіліп жүріп ерлікпен еңбек етіп, Жеңіске өздерінің лайықты үлесін қосты. Бір үйден бір күнде бес азамат аттанса, біре-

АБЫРОҰЫМЫЗ АСҚАҚТАҰ БЕРСІН!

удің жалғыз кетті. Олардың көбі елге оралмай, жат жердің топырағында қалды. Сол бір зұлымдық соғысты тебіренбей еске алудың өзі қиын. Сол ересектермен бірге біз де жұмысқа белсене қатыстық. Таңғы ұйқымызды қимау дегенді ұмыттық. Бригадирдің «тұрындар» деген дауысы шыққанда көзімізді ұқалап апыл-ғұпыл тұрып, жүре киініп сыртқа шығып, жұмысқа кететін-біз. Күнде пошташы бір тіпті екі-үш үйге «қара қағаз» әкеледі. Айдалада аңыраған ана дауысынан сай-сүйегің сырқырайды. Біздің үйден менің

әкем Тамабай, ағасы Байсалбай, жақын туыстарымыз Жайсаңбай, Тембай, Елбай деген бес азамат соғысқа кетіп, бірде-біреуі елге оралмай елін, жерін қорғап, соғыста қаза тапты. Біз олардың қай жерде жатқанын да білмейміз. Олар біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Алла, жандарын жәннатта етсін деп тілейміз.

Міне, биыл сұм фашистерді талқандап, Жеңіске жеткенімізге 9 мамырда 70 жыл болады. Бұл үлкен мереке. Әкелеріміздің қанын төгіп, жанын қиып, елін, жерін қорғап қалған

Жеңіс күні. Мен сексеннің сеңгіріне шығып тұрмын. Алла жазса сол 70 жылдық Жеңіс тойын да көрермін. Көзі тірі тыл ардагерлерінің бәрінің сол Жеңістің 70 жылдық тойын көруін тілеймін.

Елбасымыз, ҚР-ның Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында: «Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы өткен тарихымызға тағ-

зым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» – деп айрықша атап көрсетті. Сонымен бірге үстіміздегі жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы аталып өтілетінін айтты. Алла, бізге осы мерейтойларды көруге жазсын. Елімізге бірлік-береке, Елбасымызға амандық тілеймін.

Рабиға ӘБДІҒОЖИНА,
тыл ардагері,
көпбалалы ана.

Білім ордаларында

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАҒЫЛЫҚ

*Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде.
Бірінші байлық – денсаулық. Денсаулық – тән, рухани және
әлеуметтік игіліктің жиынтығы.*

Дүниежүзілік денсаулық күні Дүниежүзілік денсаулық ұйымының құрылған күнінен бастап аталып келеді. Оның жарғысы 1948 жылы 7 сәуірде қабылданған. Жыл сайын денсаулық күнін өткізу 1950 жылдан бастап дәстүрге айналды. Аталған күн адамдарды өз өмірінде денсаулықтың маңыздылығы туралы түсінік беру үшін және бүкіл әлемде адам денсаулығы жақсаруы

сабақ әр сыныптарда «денсаулық сабағы» өтті, 1-6 сыныптар диктант, ал 7-11 сыныптар шығарма жазды. Екінші сабақ 1-2 сыныптарда ата-аналардың қатысуымен семинар-тренинг түрінде өткізілді, 3-4 сыныптарда сайыс түрінде, ал 5-6 сыныптарда спорттық сайыс түрінде, 7-8 сыныптарда тренинг түрінде, 9-11 сыныптарда бейне



олар не істеулері қажет екендеріне сілтеме беру үшін өткізіледі. Жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық күні ғаламдық денсаулық сақтаудың алдында тұрған жаһандық проблемаға арналады және әртүрлі ұрандар бойынша өтеді. №11 Қоскөл орта мектебінде «Денсаулық күні» аясында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Денсаулық туралы, әр адамның денсаулығын сақтау және нығайтудың нақты мүмкіндіктері туралы кешенді ғылым ретінде салауатты өмір салты туралы түсінікті жинақтау мақсатында барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Іс-шараның өтуіне мектеп ұжымы түгелдей атсалысты. Дүниежүзілік денсаулық күніне арналған 6 сәуір күні салтанатты жиын ұйымдастырылды. Алғашқы құттықтау сөзді аудандық маслихат депутаты Сейітбеков Мешітбек Сейітбекұлы сөйлеп, одан әрі денсаулық күніне арналған кеш жалғаса түсті. Бірінші

түсірілімдер көрсету арқылы әңгіме жүргізіліп, баяндама оқылды. Мектеп медбикісі Р. Бралина жоғарғы сынып оқушыларына ВИЧ инфекциясынан, нашақорлықтан, кездейсоқ жүктіліктен сақтану жолдарын түсіндіру мақсатында тренинг өткізді. Денешынықтыру пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен әртүрлі спорттық іс-шаралар, таңертеңгілік жаттығулар мен флеш-мобтар өткізілді. Оқушылар қандай жарыс болсын өздерінің ептіліктерін, күштіліктерін, жылдамдылықтарымен бірге бірлік-таулықтарын таныта білді. Жалпы «Денсаулық күні» ұжымдықты өтті. Жеңіске жеткен оқушылар Мақтау қағаздарымен марапатталды.

А. ТОРТАЕВА,
№11 Қоскөл орта мектебі
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.

КҮЛКІ – ЖАННЫҢ ШИПАСЫ

Қарсақбай кенті «Балдәурен» балабақшасында 1 сәуір күлкі күніне орай ұйымдастырылған «Күлкі

жауды» ойыны ойналды. Су бүркіп ойналатын бұл ойын балаларға өте қатты ұнады. ІІ-сәбилер мен



– жанның шипасы» атты ертеңгілік өтті. Мақсаты – балаларға Алдаркөсе мен Қожанасыр жайлы түсінік беру. Балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Ертеңгіліктің басты қонағы Алдаркөсе мен Қожанасыр келіп, балалармен түрлі ойындар ойнады. Тәрбиешілер де ақ аю, әтеш кейпіне енсе, енді бірі әже мен кішкентай бөбектің рөлдерін сомдады. Әр топтың балаларымен жеке-жеке ойындар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, ерте жас «Балбөбек» тобымен «Себетке доптар жинау» ойынын ойнаса, І-сәбилер «Құлыншақ» тобымен «Жаңбыр

ересектер тобының бүлдіршіндері түрлі смайликтерді өз бет-әлпеттерімен көрсетсе, енді бірі әуен ырғағымен шарларды жылдам жинау ойындарын қыздыра түсті. Күлкіні іздеме, ол өзінде, Күлкіні бағала, ол өзінде Жаныңа шипа, ем беретін Күлкі ғой бағалы өмірде—деп ақын ағаларымыз жырлағандай, таңдарымызды күлкімен атырып, көштеріңізді күлкімен батырыңыздар дегім келеді.

И. БАЙНИЯЗОВА,
тәрбиеші.
Қарсақбай кенті.

“Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі,” - деген Әл-Фараби, білім мен тәрбие – егіз, екеуі қатар жүруі керек.

“ҮЗДІК ЖҮРГІЗУШІЛЕР” САЙЫСЫ

зияны тиіп, жаманшылыққа ұшыратып жатады.

Осы орайда, №17 Байқоңыр орта мектебі ұжымының мақсаты – оқушылардың бойына халықтың өмір бойы жинаған тәлім тәрбиесінен ізгі, адамгершілік, адалдық қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіру, қоршаған ортасына, бір-біріне деген қарым қатынасы, өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуына ықпал ету.

Оқушыларды мектепте өзін-өзі басқару жұмысына қатыстырып, мектептегі сайлау жұмыстарына, мерекелер мен түрлі шараларды ұйымдастыруға қатыстыру арқылы елжандылыққа баулып, азаматтық тәрбие беруге болады. Сонда оқушылардың бойында ізгілік, жауапкершілік, өз ықтиярымен іс атқаруға даяр бола бастайды және олар әрқайсысының отбасы туралы, олардың мұқтаждарымен қатынастары, істері жайлы біліп, бір-біріне көмек береді, сөйтіп оқушылар ұжым арқылы әлеуметтік жақсылықтарға қол жеткізеді, достық қатынас дамиды.

Осындай жұмыстарымыздың бір дәлелі мектебіміздегі “Жасұлан” жасөспірімдер мен жеткіншектер ұжымы мен ұланбасы Жайлаубек Еркеңаз Қайтпасқызының ұйымдастыруымен 5-10 сыныптар арасында “Үздік жүргізушілер” сайысы болып өтті.

Сайыс шарты жұлпын қатесіз, мәнерлеп оқуы және жүргізушілік қабілеттерін бақылау болатын. Сонымен қатар сахнада жүріс-тұрысы, киім киісі, өзін-өзі ұстауы да бақыланды.

Өз өтініштерімен сайысқа қызығушылықтарын білдірген Стамқұл Тоқжан мен Ақбейсен Жарылқасын, Аманғали Әбілқайыр мен Сағымбай Жанерке, Ақбейсен Жандәулет пен Авайдулла Аружан, Аманғали Баймырза мен Садықбек



Бибіңур, Алирахман Тілеуқабыл мен Қордабай Еркеңаз, Қайрылбай Әлішер мен Нұрлан Ақеркелер сыныптарының намысын қорғап, сайысқа түсті. Сайыскерлердің өнерлері бір-бірінен асып түсіп жатты. Үлкен жауапкершілікпен, зор дайындықпен келгендері көрініп тұрды. Әділқазылардың шешімімен 8-10 сыныптар арасынан 10 - сынып оқушылары Стамқұл Тоқжан мен Ақбейсен Жарылқасын, 5-7 сыныптар арасынан 6-сынып оқушылары Алирахман Тілеуқабыл мен Қордабай Еркеңаз үздік деп танылып бірінші орынға ие болып, Мақтау қағазымен марапатталды.

Сайыс соңында мектеп директоры Шәріп Дастанұлы Ұланбасының алдағы жұмыстарына да сәттілік тілеп, сайыскерлерімізге ризашылығын білдірді.

Г. НАСЫРИТДИНОВА.
Байқоңыр ауылы.

«ЕРЛІК ПЕН ДАҢҚ» ПАТРИОТТЫҚ АҰЛЫҒЫ АЯСЫНДА

Кентімізде 1941-1945 жж. Екінші Дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған «ЕРЛІК ПЕН ДАҢҚ» патриоттық айлығы жарияланған болатын. Осы айлықтың аясында №6 Жезді орта мектебі мен Жезді Мәдени-сауықтыру орталығының ұйымдастыруымен Ауғанстан жерінен Кеңес

қойылымның негізгі мақсаты еді. Қойылымның шынайы шыққаны соншалықты көпшілік қауымның көздеріне жас үйірді.

«Ауған қасіреті» драмасы – жазушы-қаламгер Мархабат Байғұттың «Бозторғайдың ұясы» пьесасынан алынған үзінді. Сахнаға қоюшы режиссер – Жезді Мәдени-сауықтыру орталығының режиссері Шахмаран Исаков ағамыз. Драмда режиссеріміздің арқасында әр оқушы өз образын сәтті орындап шықты. Қойылым соңында жергілікті тұрғындардың атынан жергілікті учаскелік дәрігер, аудандық мәслихат-тың депутаты Ұлмекен Қожасова сөз сөйледі. Жезділік жас өнерпаздарды құшақ жая қарсы алып, қошемет көрсеткен Қарсақбай кенті Мәдениет үйінің директоры Гүлжан Ыбраева және ұжымына біздің алғысымыз шексіз.

Ж.АУБАКИРОВА,
№6 Жезді орта
мектебінің тәлімгері.

Біз есірткіге қарсымыз!



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында: «Қазақстанның әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал-ахуалы жақсы болуға тиіс» деп атап көрсетіп, салауатты өмір сүру, оны насихаттау мәселесінің басты міндеттердің бірі етіп қойған.

№6 Жезді орта мектебінде 8-10 сыныптар арасында «Біз есірткіге қарсымыз!» атты дөңгелек үстел болды. Дөңгелек үстелге арнайы шақырылған Жезді учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант С.Мұқышев, мектеп медбикісі Ә.Ариновалар қатысты.

Іс-шараны ұйымдастырушы әлеуметтік педагог Б.Төкеева кіріспе сөзін: «Біз жас жеткіншектердің болашағы үшін алаңдай отырып қоғамның ең залалды кеселдерінің бірі нашақорлық туралы әңгіме айтып, салауатты өмір салтын насихаттаймыз» - дей келіп есірткінің ғасыр індеті екеніне тоқталды. 8 сынып оқушысы Д.Сайдалиева «Есірткі - қатерлі дерт» атты баяндама оқыды. Одан кейін «Есірткі-жау» бейнефильмі көрсетіліп, оқушыларға есірткінің қаншалықты қауіпті екенін көрсетті.

Келесі кезекте медбикі Ә.Ариноваға, Жезді учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант С.Мұқышевқа оқушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды.

Қорытындылай келіп, әлеуметтік педагог Б.Төкеева:

—«Өзіміздің өмір сүріп отырған ортада өмірімізге қауіпті есірткі сияқты зиянды заттарға әуес болмайық. Біздің болашақ өміріміздің жалғасы, тірегі сендерсіңдер!» - деді.

Біз оқушыларымыздың Қазақстанның дені сау, парасатты, мәдениетті, сауатты, еңбекқор адал ұлдары мен қыздары болатындарына сенеміз.

Ж. СҮЛЕЙМЕНОВА,
кітапханашы.

«АЛТАҰ-ДУНАҰ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

2 сәуір 2015 жылы Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласында «Алтай - Дунай» халықаралық Қазақстан-Венгер экспедициясының шығарып салу рәсімі өтті. «Астана арена» стадионы алдындағы алаңда бірнеше киіз үйлер, шатырлар және сахнадан этноауыл құрылды. Іс-шараның басты қонақтары Қазақстан және Мажарстан (Венгрия) Республикаларының Премьер-Министрлері болды. Венгриялық қонақтар құрамындағы үкімет мүшелері, кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері «Алтай-Дунай» халықаралық экспедициясының көрмесімен танысты. Көрмеден соң, қонақтар қазақстандық ат үстінде жігіттердің өнерлерін және мажарлық «Тұран» қорының садақ ату, ат үстінде қылыштасу өнерлерінен шеберлік көрсетілді. Концерт соңынан екі елдің шығармашылық ұжымының «Алтай-Дунай» халықаралық Қазақстан-Венгер экспедициясының сапарға шығарып салу рәсімі өтті.

Еуразия даласын
мекендеген халықтардың
өзара қозғалысына, тарихының
ортақтығына әлем жұртының
назарын аудару, Еуразияның
ежелгі тарихы мен қазіргі
Еуразиялық кеңістіктегі
интеграциялық үрдістерді
насихаттау, халықаралық
қарым-қатынасты нығайту
мақсатында, Қазақстан
Республикасы Премьер-
Министрінің «Алтай-Дунай»
халықаралық экспедициясы
туралы» 27.10.1998 жылы
№1204 Өкімі қабылданды.
31.12.2014 жылғы №1448
«Қазақ хандығының
550-жылдық мерейтойын 2015
жылы өткізу туралы» Үкімет
қаулысында «Алтай-Дунай»
экспедициясын жалғастыру
жұмыстары шешімін тапты.

«Алтай - Дунай» экспедициясы халықтық дипломатияның бір көрінісі және бейбітшіғармашылық керуені болып табылады.

Экспедицияның кезеңдері:

1-ші кезең	Қазақстан.	1999 жыл
2-ші кезең	Ресей.	2000 жыл
3-ші кезең	Украина.	2001 жыл
4-ші кезең	Венгрия.	2005 жыл
5-ші кезең	Германия.	

Украина, Венгрия баспасөз ақпарат құралдарында мақалалар және телерадио хабарлар ұйымдастырылды. Бейбітшілік қарашылық тақырыбында екі мыңнан астам жинар мен кездесулер өткізілді.

Жобаға Ресей саяхатшылар қауымдастығы, Венгер

облыстарын, 3-ші кезең 2001 жылы қыркүйектен қарашаға дейін Украинаның 11 облысын қамти отырып, аяқталды.

Экспедицияның төртінші кезеңі 2005 жылы қазан айында Венгрия аймағы бойынша жүріп өтіп, «Мадиярлар кезеңі» Австрия шекарасында аяқталды. Экспедиция басшысының есебі ҚР Мәжілісі Парламентінің отырысында тыңдалып, депутаттардан оң бағасын алды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев және Ресей Мемлекеттік Думасының төрағасы Г.Селезнев экспедицияға қатысушыларға өз хаттары арқылы алғыстарын білдірді.

2015 жылы Венгрия аймағынан басталатын «Алтай-Дунай» халықаралық Қазақстан - Венгер экспедициясын жалғастыру бойынша, бірлескен бірқатар іс-шаралар өткізіледі.

Экспедицияның 5-кезеңінің құрылған бөлігі – халықаралық



қыпшақтар Одағы және
Украинаның «Перша столицы»
телеарнасы қатысты.
Негізгі демеуші Қазақстан
Республикасы Мәдениет
министрлігі болды.
Экспедиция сапары
Ресейдің Алтай өлкесінен
1999 жылы 3 мамырда мәре

деңгейдегі арнайы кездесулер, археологиялық экспедиция арқылы, Қазақстан аймақтарымен бірге Еуропа аймақтарында «Ғұн дәуіріне» қатысты археологиялық жәдігерлерден ДНК сараптамасын жүргізуге материалдар жинау болып табылады. Жобаланған бағыт бойынша, 2016 жылы түйемен Еуропа, Австрия, Алмания, Франция елдерінде жүріп өту көзделген.

Халықаралық экспедиция-ның басты мақсаты:
Тәуелсіз Қазақстанның жетістігін жан-жақты нығайту;
Қазақстан-Венгер мемлекетаралық қатынасын нығайту;
Көшпелі мәдениет халықтарының әлемдік өркениетке қосқан жетістігін насихаттау;

Жобаланған басты нәтижелер:

Адамзат тарихындағы
бірінші рет түйемен жүру сая-
хатын өткіз;
«Қазақстан бейбітшілік жо-
лында» бейнефильмін түсіру;
Экспедициясының нәтижесі
бойынша «Еуразия көшпелілер
мұрасы» фотоальбом және
жолжазба басып шығару және
«Еуразия. Дала. Халықтар»
көрмесін ұйымдастыру.

**Айдана ҚАЙСАР,
«Ұлытау» қорық-
мұражайының ақпарат
жетекшісі.**

2014 жылдың жазында Ұлытауға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арнайы келіп сұхбат берді. Сөз арасында Президентіміз «Ұлытау келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болып қала береді» – деп сөйлеген сөзі жергілікті халықты бір серпілтіп тастады.

ТУРИЗМ — БІЗДІҢ БАСТЫ ЖОСПАРЫМЫЗ

Туризмді дамыту бағытында бізде жұмыстар басталып жатыр, дегенмен барымызды бағалап, мүмкіндігімізді саралап көптеген жұмыстарды қолға алатын кез келді. Осыған байланысты мен өзімнің ұсынысымды айтқым келеді, яғни, Ұлытау қазақ хандары, батырлары



мекен еткен және осында жерленген құтты мекен. Осылардың арақашықтықтарына байланысты «Көк аспан» туризмін қолға алу қажет, яғни әуе шарлары арқылы аталған қашықтықтардың арасын бағындыруға болады. Ол әуе шарлары 10 адамдық, 15 адамдық құны 3 млн. теңге тұрады. Сонымен қатар, дельтоплан, аэроплан спорт түрлерін қатар дамыту арқылы келген мейман-



Таудың үстіне дүрбілерді қою, бұл табиғаттың сұлулығын тамашалайтын, алыстағыны жақыннан көретін құрал.

Ұлытаудың символы ретінде тауға арқарларды жіберуіміз керек, қазір қорық ашылып жатыр, осы мүмкіндік аясында арқарларды сырттай бақылауды күшейтуге болады.

Жартасқа шығу спортын алып келуіміз қажет. Қазір спорттың бұл түріне қызығушылық арқасында ерекше мән берілуде.

Таудағы велосипед саяхатын, атпен серуен саяхатын ұйымдастыру.

Аудан орталығындағы көлдегі абаттандыру арқылы байдарка, катамаран қайықтарын көл бетінде жүруін қамтамасыз етуіміз керек. Сондай-ақ, бұл көлге күз мезгілінде аққулар қонады, сол аққуларды тамашалау мақса-



тында көл маңынан
арнайы орындар
жасауымыз қажет.

«Балық аулау»
бұл келген тури-
стерді қызықтыра-
тын бірден-бір жол.
Сол үшін тоғандар-
ды қалыпқа кел-
тіруіміз керек.

Ұлытаудың қары
шаңғы спортын да-
мытуға өте қолай-
лы. Туризмді дамы-

тудың бірден-бір төте жолы осы. Сонымен бірге мұз айдынын жасауға болады.

Мен осы жұмыстарды ұсынып отырған себебім, туризм арқылы Ұлытаудың тарихына, әсем табиғатына үңілуге болады. Туризм арқылы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етуге болады, ауданның бюджетін толықтыруға болады. Сол себептен ойланайық, ағайын.

Думан ЖҰМАНОВ,



Франция - 2016 жыл
6-шы кезең АҚШ. 2017 жыл
7-ші кезең Қытай-Моңғолия-
Алтай - 2018 жыл

Бүгінгі күні «Ұлы далаға бейбітшілік пен жақсылық болсын» ұранымен Ұлы Еуразия даласында мекендеген халыққа арналған экспедицияның төрт кезеңі сәтті өтті. Төрт жылда Алытайдан Дунайға дейін екі мыңнан астам Қазақстан, Ресей,

сызығын қиды. Кейін Қазақстан бойынша: Павлодар, Астана, Атбасар, Лисаковск, Жетіқара жолдарынан өтті. Әрі қарай, (Челябі обл) «Арқайым» қорығы арқылы Башқұрстан, Орынбор, Орал жерлерінен өтіп, бірінші кезеңді аяқтады. 2-ші кезең 2000 жылы қыркүйектен қарашаға дейін Ресей және Қазақстан шекаралары арқылы: Саратов, Воронеж, Белгород

Бәрежелді

Жуырда Қарағанды гуманитарлық колледжінде Қарағанды облысының Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен Қазақ хандығының 550 жылдығы мерейтойына арналған «Қазақ халқының Тәуелсіздік жолындағы күресінің

тикалық конференция қорытындысы бойынша Қажмұқан Құндыздың зерттеу жұмысы үздік деп танылып, II дәрежелі дипломен, ал жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Венера Аманкелдіқызы байқау жеңімпазын дайындағаны үшін Алғыс хатпен

БАЙҚАУДАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

ұлы бетбұрысы» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциясы шеңберінде 9 сынып оқушылары арасында өткізілген оқу-зерттеушілік байқауына №8 Егінді орта мектебінен 9 сынып оқушысы Қажмұқан Құндыз қатысып, «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күрестері» тақырыбында зерттеу жұмысын ұсынды. Байқаудың жалпы мақсаты оқушыларды ұлтжандылыққа, мәдениеттілікке Отансүйгіштікке баулу, оқу және іздену саласында оқушылардың білімге деген қызығушылығын дамыту және қолдау. Байқауға Қарағанды облысының жалпы білім беретін мекемелерінен 100-ден аса 9 сынып оқушылары қатысты. Барлық оқушыларға облыстық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушы ретінде сертификат берілді. Облыстық ғылыми-прак-



марапатталды. Ұйымдастырушылар үздік жұмыс иелеріне естелік сыйлықтар берді.

Г. ОРАЗБАЕВА,
№8 Егінді орта мектебінің оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі.

Қазақ отбасының нағыз ұйымтқысы - келін. Дана халқымыз ертеден ене мен келін қатынасына аса жоғары көңіл бөліп, оған аса байыппен қараған. Ата-анасынан көрген тәрбиесі мен қайын жұртының ықыласы мен алғысына бөленіп жүрген келіндер де қазір бар.

Сондай ізетті, сәлемі түзу, тамағының дәмі тіл үйретін, он саусағынан өнер тамған келіндер Терісаққан селолық клуб үйінің сахнасында өткен аптада

дер салт-дәстүрге қатысты сауалдарға жауап берді. «Аспаздық шеберліктерін байқататын келесі «Ас-адамның арқауы» бөлімінде барлық сайыскерлер 3 минут

«АҚ БОСАҒА» КЕЛІНДЕР САЙЫСЫ



сынға түсті. Бұл сынға ауылымыздың жас келіндері қатысты. Олар: Мұхамеджанова Нұрбақыт Жәмшит келіні, Аубакирова Данагүл Әубакір келіні және Айгүл Дабыл келіні қатысып бақтарын сынады. Алдымен, келіндер көрермендерге, аналарға қазақи салтпен иіліп сәлем беріп, өз-өздерін таныстырды, отбасылық өмірлерінен сыр шертетін фотосуреттерден слайд көрсетті. Ал өз өнерін көрсету кезеңінің көрермендерге ұнағандығы олардың ыстық қошеметінен байқалды. Келіндердің «Шебердің қолы ортақ» бөлімінде үйден тігіп әкелген қол өнер бұйымдарын әділ қазы алқаларына таныстырып өтті. «Сұрақ –жауапта» келін-


уақыт ішінде салат түрін әзірледі. Ене көзімен қарағандай, ене сөзімен сынағандай, төрде төрелік еткен әділқазы мүшелері сөз алып, қатысушыларды мерекелерімен құттықтап, аудандық Мәдениет үйі тарапынан бөлінген бағалы сыйлықтармен, дипломдармен марапаттады. Ал «Келіндер сайысына» қатысқан ауылымыздың жас келіндері нағыз қазақ келіндеріне тән ибалылық пен естілікті, ісмерлік пен ептілікті жоғары дәрежеде көрсете алды. Оған көрермен қауымы куә.

Аңсаған ТАРҒЫНҚЫЗЫ,
Терісаққан ауылы

АУЫЛ АЗАМАТТАРЫ ШАРИФОЛЛАНЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Мұхтар ЫБЫРАЙҰЛЫ

Жүздері жайдары қос келіншекпен Жезқазғанға қарай сапарлас болғанда таныстым. Екеуі Қаракеңгірден оралып келе жатқан беті екен. Ұлытаулық Шарифолла Қыдырбеков пен қаракеңгірлік Роза Қарағандыдағы жоғарғы оқу орындарын бітіріп, жолдамамен бірі физкультура сабағынан №4 орта мектебінде ұстаздық етсе, енді екіншісі ауылдың емханасында дәрігерлік қызметте істепті. Екі жас сол ауылда тіл табысып, жастық дәурен ыстық махаббатқа ұласып, отбасын құрған екен.



Осы турнирге ұйтқы болып бастама көтерген ауыл мұғалімі М.Әлменовке, Қ.Баймышевке, ауыл әкімі М.Смайыловқа, мектеп директоры М.Молдабекұлы, оны қостаған құрбы-құрдастары М.Ерзақов, Қ.Иманғожин, С.Торғаев, М.Сұлтанов, Ж.Әбдікәров, т.б. ұйымдастырушыларға айтар алғысымыз көп,—дейді Роза мен Сәуле. Ауыл әкімі спорт турнирін құттықтау сөзбен ашса, Шарифолланың ағасы Аманкелді, жары Роза тілексөздерін айтып, ауылдың сыйлы азаматы Серікбай Шертайұлының иықтарына қа-

Бала кезден спортқа әуес Шарифолла жоғары білімді мамандық алып келген соң ауыл жастарын спортқа бейімдей бастаған. Осылайша ауыл балаларын жаттықтырушылығымен үйіріп әкеткен Шәкеңнің спортшылары сан түрлі спорттық жарыстарда бәйгенің басын бермей, жүлдемен оралып отырған. Аудан, облыс көлемінде алдына жан салмаған Шәкең бастаған команда спорттың қай түрінен болмасын жарыстарға қатысып, үнемі жолы болып отырғаны соншалық «қарадомалақтардың» тәртібі де түзеліп, Шарифолла ауылдастарының алғысына бөлене бастапты. Балалардың бәрі

бетіміз,—дейді олар. Шәкеңнің Жездідегі мұғалім қарындасы Баян күйеуі Жасұлан Башармен бірге, жалпы туыс-туғандардың бәрі, марқұмның дос-жарандарымен қызметтес болған ұстаздар, құрбы-құрдастары қатысты — дейді Сәуле де. Осы мақалаңызға сурет керек болса Жасұланнан аларсыз,—деді ол менің Жездіден екенімді білген соң. Ауылдағылардың бәрі тегіс жиналып, шамасы жүз адамдай қатысты, дейді олар қуанышты жүздері жайнай түсіп. Қаракеңгірдегі №4 орта мектептің спорт залында ілулі тұрған Шарифолланың баннердегі үлкен суретін көргенде жастық шағымыз есіме түсіп, жанарыма жас



де көптеп спортқа тартылуына себепкер болған небәрі 27 жасында өмірден ерте озған Ш.Қыдырбековті еске алуға арнап Қаракеңгір ауылының басшылығы оның атында алғаш рет волейболдан аймақтық турнир өткізді. Жарыс өз Наурыз мерекесіне тұспа-тұс келіп, оны тамашалауға Ш.Қыдырбековтің зайыбы Роза, балалары мен бауырлары, құрдастары, жерлестері арнайы жиналыпты. Ауыл әкімі М.Смайылов ашылу салтанатында жалынды сөз сөйлеп, Шарифолланың жары Роза Кенжеғали келіні, балалары мен бауырлары, құрдастары арнайы келіпті. Атам Кенжеғали Қыдырбеков Ұлытау аймағына танымал механизатор болса, өнем Рәбиға Сыздықова партия органындағы машбюрода қызмет істеген. Бұл күндері екеуі де бақилық болған. Ол кісілердің үлкені Сағидолла аудан орталығында жер бөлімінде қызмет істеп жатса, Сәулесі қалада дәрігер, Баяны Жездідегі бір мектепте балаларға сабақ береді. Шарифолланың туған қарындасы Сәуле екеуіміз Қаракеңгір елді мекенінен қуанып қайтқан

үйірілді. Әсіресе ауыл мұғалімі Мақсұт Әлменов дос рухына арнаған өлеңін оқығанда қатты толқып кеттім,—деп Роза маған қауырсын қағазбен қапталған өлеңді қолыма ұсынды. Ұзақ өлең жолдарының соңында: Қиыншылыққа жүруші едің жасымай, Біреуді қорғап қапыда кеттің досым-ай Жыл сайын енді аталып атың жүрсін,—деп Дәстүрлі жарыс ұйымдастырдық осындай — деп тұжырымдапты өлеңін. Небәрі 27 жыл ғұмыр кешіп, қаскүнемдер қолынан қаза тапқанына Шарифолланың 25 жыл болатын жұбайымыздың көзінің қарашығындай болған қос ұлым Алмас пен Жандосты өсіріп, ержеткіздім. Ол екеуінен 5 немере көріп, қызығына батып отырмын,—дейді Роза. Менің дәрігерлік жолымды ұлым Алмас жалғастырса, атасының спортсүйгіштігіне немереміз Мақсұт бейімделуде дейді, сырын жасырмай. Ол атасына ұқсап спортшы болуға талпынып, қаладағы спорт мектебіндегі үйірмелерге қатысып жүргендігі қуантады,—дейді жастайынан жесірлік қамытын киген ана.

және Шарифолланың құрдастарынан құралған командалар арнайы сыйлыққа ие болды. Жұлдегерлерге тиісті медальдармен қоса Ш.Қыдырбековтің отбасы, туған-туыстары тағайындаған ақшалай сыйлықтар да қоса тапсырылды. Турнирге Қаракеңгір ауылының жастары жақсы дайындалған екен, олар жарыстан I-орын алды. Шарифолла марқұмның жеңгесі Гүлнәр апай спорттық ойынды өткізуге ерен еңбек сіңірген Қ.Баймышевқа ерекше сый-сияпат көрсетті. Жалпы, осы іске жанашырлық танытқан Гусейн Қамыстхановқа, «Махат» шаруа қожалығының иесі Серікбай Қойшығаринге, т.б. кәсіпкерлерге алғыс айтамыз,—дейді Шарифолланың туыс-туғандары.

Турнир соңында Ш.Қыдырбековтің рухына ас беріліп, құран бағышталды. Бұл турнир алдағы уақыттарда да дәстүрге айналса, нұр үстіне нұр болмақ.

**Суреттерді түсірген
Ж.Башар.**

Қаракеңгір ауылы.

Мағзұмбек Машайықұлы.**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.****(Соңы. Басы газетіміздің өткен санында).**

Бірақ жолдағы елге тиіспеу жөнінде бұйрық берді. Мен мұның бәрін жаным қалсын деп айтып отырғаным жоқ. Өздеріңіз айтқандай, адамдардың жазықсыз қаны төгілмеуге көмегім тисе екен деген оймен ашық айтып отырмын. Түнде ауылға қашып кетпек болып шығып келе жатқанда Сіздердің қолдарыңызға түстім. «Ажалдан адам қашып құтыла алмайды» деген рас екен.

—Сен адал азамат екенсің. Сені біз ешқандай жазаламаймыз. Өлемін деп ойламай-ақ қой—деді Мақтұмқазы.

«Отыз жігітпен Құлынтай мерген келді» — деген хабар тиді. Ауыл ақсақалдары мен басшылары бас қосып, не істеу керектігін ақылдасты. Жаркенді ұстауға Қаршыға мерген барсын—деді көпшілік.

—Мен мына Сарымсақты ертіп көтейін—деді Қаршыға. Жаркенді оңай ұстауға пайдасы тиеді. Ол да оңай жау болмады. Қамсыз отырған жоқ шығар. «Бұған сенесің бе?» — деді бір ақсақал. «Сенуім керек» — деп жауап берді Қаршыға. Олар шұғыл жүріп кетті. «Қайнарбұлақ» ауылдан 12 шақырымдай жер еді.

—Ақылдаса келіп, Дәуітәлі қарияның ұсынысын қабылдады.

—Мен жаудың алдына шығамын, жалғыз барамын, Ханзадамен кездесіп, қантөгісті болдырмаудың жолын қарастырамын—деді аяқ астынан Тоқтықұл.

—Оның болмайды, сен Мақтұмқазының жалғыз ұлысың. Өлі баласың. Сені ажал аузына жібере алмаймыз—деді Манархан қария. Ол кісі Мақтұмқазының туысы болатын.

—Сіздер, менің тағдырымды емес, елдің тағдырын ойлаңыздар. Ажал жетсе үйде отырсам да өлемін. Маған бір ұтымды ойлар келіп отыр. Қарусыз балаға күш көрсете қоятын ол хан да ақымақ жан емес шығар—деді Тоқтықұл.

—Сонда қарусыз бармақсың ба?—деді Дәуітәлі. —Қару қажет болса, солардың өз қаруын аламын ғой—деп күлді бала.

—Арыстан мен Құлынтай мерген баруына қарсы болған жоқ. Жақын жерден өздері бақылап отыратын болды. Мақтұмқазы баласының мандайынан сүйіп, үлкендерге қарап, «каталары баталарыңызды беріңіздер» деп қолын жайды. Тоқтықұлдың шешесі жылап қоя берді. «Тоқтат, Мақпал! Баланы жасытпа?» деп Мақтұмқазы бәйбішесіне. Ақсақалдар балаға баталарын беріп, Тоқтықұл «Балкүрең» деген атына мініп, «Иә, Алла жолымды оңғара гөр» деп жүріп кетті...

Ауылға он шақырымдай Қаратұмсыққа жеткенде жаудың қарасы көрінді. Қалың шидің арасына, ұрымтал жерге жаудың екі қапталынан төрт-төрттен сегіз мерген орналасты. Қалмақтар

ештеңеден қауіптенбестен, тіпті шолғыншыларды жібермей-ақ, еркін жүріп келеді. Қалмақтар Қаратұмсықтан бері қарай ойға түсе бергенде өздеріне қарай келе жатқан жалғыз аттыны көрді. Бір ноян «анау аттыны барып-алып келейін» деп еді, хан «бізді көріп

қаша жөнелген жоқ, өзі де келе жатыр ғой, бармай-ақ қойыңдар» деді. Таяна бергенде бала екенін білді. «Ей, мынау ерігіп жүрген, ештеңеден хабары жоқ бала ғой» деді әскер басы.

—Жоқ—деді хан, —бұл қалың қолдан қаймықпай, қарсы келе жатқан тегін бала емес. Тоқтықұл таянғанда жаудың әскерлері тоқтап тұра қалды. Тоқтықұл келген бетте, «есен-саусыздар ма, жолаушылар?» деп тіл қатты. Бір ноян атын тебініп, алға шығып, «Әй, боқмұрын, біз жолаушы емеспіз, ауылыңды шабуға келе жатқан Қалмақ халқының жеңімпаз жауынгерлеріміз, деді.

—қалмақ халқының деме, Қалмақ ханының жаналғыш әскеріміз десейші. Қай халық болсын соғысты, мағынасыз қантөгісті қаламайды. Менің мұрынымнан көргеніңізді кез-келген баланың мұрынынан көруге болады. Ал, сіздің мұрныңыздан көріп тұрғанымды кез-келген адамның мұрнынан көруге болмайды. Сіз ішкен адамның қаны ішіңізге сыймай, мұрныңыздан сорғалап тұр ғой—дейді Тоқтықұл. Анау—өй, иттің баласы, басыңды шауып тастайын ба?» деп қынынан қылышын суырады.

—Қарусыз, қауқарсыз баланың басын шауып, батыр атанғыңыз келсе үлгересіз, мен ешқайда қашпаймын. Менің басым осыған дейін шапқан бастарыңнан артық емес. Бірақ адамды жазалайтын да, жазадан тазалайтын да хан. Сен менің басымды ханның бұйрығынсыз шаба алмайсың. Егер мен хан болып, менің сарбазымның біреуі менің бұйрығымсыз біреудің басын шабамын деп қыннан қылышын суыратын болса, мен оның қолын шауып тастар едім. Менің рұқсатымсыз сөйлесе тілін тесіп ышқырына байлап қояр едім. Сіз, иттің бала тапқанын көрген немесе итке бала таптырған адам

сияқтысыз ғой—дейді.

—Мынау қалай-қалай сөйлейді, басыңды шауып тастайын, өз обалың өзіңе деп тұра ұмтылған хан, «тоқтат» деп ақырып қалады. Қалмақтың нояны балаға таяна беріп, қылышын көтерген күйі тұрып қалады. Хан, «бұл тегін бала емес екен, болайын деп тұрған бала екен, мұны сынап көрейін» деп ойлап, «сен өрескел мінез көрсеткен сарбазыңның қолын емес, басын неге шауып тастамайсың?»—дейді.

—Оның көргенсіздігінің әділ жазасы сол. Қолын шапсақ, ол

естідік. Қарымсақ батыр елу жасқа келіп, «Жыңылды» деген жерге 800 үй тігіп, бүкіл елді шақырып, той жасап жатыр. Оған орыс патшаның уәзірі бастаған бір топ адам келіпті. Ауылдың адамдарының бәрі сол тойға кеткен. Ауылға бас-көз бола тұр деп мені қалдырып кеткен еді. Сіздердің келе жатқандарыңызды естігенде, «сол тойға бара жатқан шығар» деген ойға келіп едік, артынша Сіздердің басқа оймен келе жатқандарыңызды біліп, шұғыл хабар жібердік. Олар да ендігі бері қарай шыққан шығар. Мен оларды күтпей алдарыңыздан шыққаным,

ЖАУДЫ дос еткен бала

«Сөз бас жарады, бас жармаса тас жарады»
деп дана халқымыз сөздің ғажайып құдыретін дәл берген

Әңгіме

өзінің өрескел қылығына өмір бойы өкініп өтеді. Бұл өлімнен де ауыр жаза. Екіншіден, халықтың қамқоршысы ханды сыйлау, айрықша құрметтеуде басқаларға үлгі болады—дейді Тоқтықұл.

Хан ноянына «атыңнан түс, қылышыңды мына балаға бер» деп бұйырады. Анау атынан түсіп, қылышын Тоқтықұлға ұсынады.

—Мұның маған керегі не?—дейді Тоқтықұл. —Андағы қылышты алып, алдындағы жауынгердің қолын шап—дейді хан.

—Жоқ, мен олай ете алмаймын,—дейді.

—Неге, дейді хан.

—Олай етуіме болмайды.

Сіздің атыңызға, беделіңізге кір келтіре алмаймын. Бұлай ету Сіздің атыңызға өмірбойы қара дақ болады. Екіншіден, мына жауынгеріңіз айтқандай, қазақтың бір «боқмұрын» баласына жауынгерінің қолын шаптырыпты деген сөзі елдің намысына тиеді. Мен ондай істі істей алмаймын—дейді.

—Мен саған бұйырып тұрмын ғой—дейді хан.

—Мен сіздің жауынгеріңіз емеспін, Сіздің бұйрығыңыз маған жүрмейді—деп Тоқтықұл ханның бетіне қарап күледі. Қалмақтың ханы да, сол жерде тұрған жауынгерлері де Тоқтықұлға қатты риза болады. Ал, әлгі ноянға хан баладан кешірім сұратады.

—Ал, енді танысайық, кімнің баласысың, атың кім? Әке-шешен бар ма? деп сұрайды хан.—Әке-шешем бар. Әкем өздеріңіздің ауылын шабуға келе жатқан Мақтұмқазы деген кісі. Мен сол кісінің жалғыз ұлымын. Атым Тоқтықұл—деді.

—Ал, өзің мұнда неғып жүрсің?—деді хан. — Кеше кешке қарай Сіздердің келе жатқандарыңызды

осында ақылды Ханзада келе жатыр екен. Оның ертең әділ, халықтың қамын ойлайтын хан болатынына құлағыма

тиген сөздерінен менің көзім жетті. Әрине, оның осындай азамат болып өсуі ата-анасының жақсы тәрбиесіне байланысты екені даусыз. Елдің тізгінін тегін адам ұстамайды ғой, сіздің тәрбиеніз. Мен мүмкін болса сол ханзадамен танысып, білісейін, мүмкін дос боларым, екі елдің тыныштығын сақтауға септігіміз тиер деген оймен келіп тұрмын. Біздің елде «ақымақ достан, ақылды дұшпан артық» деген мақал бар. Бүгін қолдан ештеңе келмегенмен ертең ол таққа отырғанда, тірі болсақ екі елдің арасында достық қарым-қатынас орнатармыз. Менің ажалым бүгін жетіп тұрса, одан қашып құтыла алмаймын. Бірақ менің осы сөзім ертең, бір күні болмаса бір күні есіне түсер деген оймен келіп тұрмын—деді.

—Сен ханзаданың қандай сөзін айтып тұрсың?—деді хан.

—Соғысқа, қауқарсыз елдің қанын төгуге, жазықсыз адамдарды жазалауға қарсы екенін естідім.

—Мен таң қалып тұрмын—деді хан, өзімізбен бірге отырғандай мұның бәрін қайдан біліп отырсың?

—Қазақта «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады» деген мақал бар. Өз ішімізде қазақтың жансызы бар екен деп күдіктенбей-ақ қойыңыз. Менің алдын-ала көріп, біліп отыратын қасиетім бар —деп ханның бетіне күліп қарады.

— Онда айтшы, соғыс болса мен жеңем бе, жоқ сендер жеңесіңдер ме?—деді хан. Мұның әдейі қойылып отырған шешуші сұрақ екенін Тоқтықұл түсінді. «Бұған қалай жауап бергенім дұрыс» деп, сәл ойланып тұрды да «соғыс болмайды, соғыс болса сіздер жеңесіздер» деді. Бұл сөзді Тоқтықұл әдейі айтты.

—Хан ақырын күліп, «сен рас көріпкел екенсің» деді де ханзадаға, «мына бала сені іздеп келіпті ғой, танысыңдар» деді. Ханзада атынан түсіп, Тоқтықұлға қарай жүргенде, бұл да оған қарсы жүріп, қалың жауынгерлердің алдында қол алысып танысты. Екеуі әңгімелесе келіп, дос болуға келісіп, қол алысып, «мен бұл соғысты болдырмауға уәде беремін» деді ханзада. «Бұл кезде хан да қалың ойда тұр еді. Менің ауылды шабуым қателік болар. Мынау баланың сөзі кешегі менің баламның сөзімен бірдей шықты. Бұл сапар маған абырой бермеуі де мүмкін. Өйткені, тойға жиналған қалың сарбаз келсе, онда жеңіліс табарымыз анық. Мына баланың ақылдылығы мені қайран қалдырып тұр. Бұл бала «сіз жеңесіз» деп әдейі айтып тұр ғой, біздің намысымызға от тастамайын деп. Ал, деректерді өз ішімізден біреудің бергені анық. Түндегі жоғалып кеткен ноян осылардың қолына түскен болды. Оны бұл баланың айтпауының өзінде мықтылық, ақылдылық жатыр. Соғыс болмайды» дегені менің райымнан қайтуыма үміт артып айтқаны... деп. Сол кезде ханзада әкесінің алдына келіп, «дат, тақсыр» деп тізерлеп отыра қалды.

—Айта бер—деді хан.

—Біз Тоқтықұл екеуіміз дос болуға келістік. Ол маған мынау алтын сақасын берді. Мен күміс белбеуімді бердім. Мені балам дейтін болсаңыз, мынау Тоқтықұлды да балам деп қабылдауыңызды өтінемін. Және өз балаңыздың ауылын шаппайтын шығарсыз деп ойлаймын—деді. Хан қыран бүркіттей қомданып алып, самсап тұрған жауынгерлеріне бұған не дейсіндер—деді. Жанында тұрған уәзірі «Ханзада болашақ сіздің ісіңізді жалғастыратын, халыққа қамқор болатын тақ мұрагері ғой. Оның өтінішін қабыл алыңыз»—деді. Тұрғандардың бәрі «хан иеміз қабыл алыңыз» деп шулап қоя берді. Нояндары тойға жиналған елден іштей сескеніп тұрғанда мынау көктен көк қошқар түскендей болды.

—Тұр! Ханзада, тілегіңді қабыл алдым. Енді соғыс болмайды—деді. Сол кезде күнімен тізесін бүкпей, тік тұрған Тоқтықұл екі қолын кеудесіне апарып, «Алдияр хан, Сіз екі ел үшін де тарихта қалар игілікті іс жасадыңыз. Бұл ел есінде сақталады. Енді ауылға жүріп, қонақ болып, әкеммен, елмен танысып, құрметімізді көріп, сый-сияпат алып қайтыңыз. Бұдан былай екі елдің арасында барыс-келіс, алыс-беріс болып тұрды деп сенемін. Енді достықты құрметтейтін боламыз»—деді.

Сөйтіп, Тоқтықұл ақыл-айласымен елді қантөгістен сақтап қалды. Ешқандай батырдың тойы болмаса да ойдан шығарған бұл айланың да пайдасы болғаны анық. Соның арқасында көп уақыт екі елдің арасында ешқандай жанжал болмай, бейбіт қатар өмір сүріпті. Арыстанның келіншегі ұл туып, атын Арқарбек қойды.

	Имандылық иірімдері	
* Алланы ойла, жақсы амал қыл ерінбе, Сол амал дос қылады көрінде. * Ғибадат қыл жаман істен сақтанып, Алла алдында атың шығар мақталып. Ақылыңның аясын сен тар қылма, Ақыретте өмір жоқ деп сарқылма. * Біліп алғын жәннат — тозақ ол да рас, Өткінші өмір қызығына болма мас. * Балаңа да қалдыр ілім мұрасын, Сені ескеріп, бағыштайды дұғасын. * Өтіп кетер қайран өмір зуылдап, Ағайының артта қалар шуылдап.	күнде жаратқан, Хабардар бол Жаратушы әл-Хақтан. * Екі көзін топырақ кеп көмбесе, Дүниеге тоймайды адам өлгенше. * Жаман істер кілті болар тозақтың, Есеп беру өлімнен де азап тым. * Жаратқанды ойлар болсаң тағатпен, Қуантады ақыретте жәннатпен. * Ақырет қамын жасамай жүр әлекпен,	таза деу далбаса. * Алла деген ар болмас, Хақтың жолы тар болмас. * Дүниені іздесең, мақсат етіп көздесең, Көкірегіңді түн басып, адасасың лезде сен. * Дүние деген жалғанға, ей адамзат, алданба, Сені тастап қашады, көрге жақын барғанда. * Ұмытып есен сағатын, кемісе тәубе-тағатың, Көре алмай қаласың, Алланың ұлық жәннатын. *Иманды адам білер істің жаманын, Өмірді өлім тосар деп, байқап басар қадамын. Жинаған Төшен ЕСІМСЕЙІТҰЛЫ. Мибұлақ ауылы.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ «ТҮБІРТЕКТІ ТАЛАП ЕТ – ЖҮЛДЕНІ ҰТЫП АЛ!» АКЦИЯСЫ ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАҰДЫ

«Түбіртекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» акциясы (бұдан әрі - акция) ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің ұйымдастыруымен (бұдан әрі - комитет) Қазақстан Республикасы аумағында 2015 жылдың 1 сәуірі мен 30 қарашасы аралығында өткізіледі, жалпы республикалық іс-шара болып табылады.

«Түбіртекті талап ет – жүлдені ұтып ал!» акциясын өткізудің ҚР «Салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер» (Салық кодексі) кодексі негізінде әзірленіп және акцияның жүргізілу тәртібін қадағалайды.

Акцияның негізгі мақсаты.

– азаматтардың белсенділігін және халықтың салықтық сауаттылық деңгейін жоғарлату;

– халықтың ақшалай есеп айырысулар барысында бақылау-кассалық аппаратын қолданудың әлеуметтік-экономикалық маңызы жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру;

– азаматтарды тұтынушы ретінде өз құқын қорғай білу мәдениетіне тәрбиелеу;

– Қазақстан Республикасы заңдылығы бойынша салық төлеушілерді және қоғамды бақылау-кассалық аппаратын пайдалану талап етілетіндігін ақпараттандыру;

– бақылау-кассалық машинаны қолданысқа енгізу арқылы Қазақстандағы салық төлеушілер арасында салық тәртібін талап ету негізінде бюджетке салық түсімдерін көбейту.

– көлеңкелі экономиканың көлемін қысқарту;

– кәсіпкерлер арасында шынайы бәсекеге ынталандыру.

Акцияға қатысушылар

– акция жүргізу кезінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алғанын акцияны ұйымдастырушыларына тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алған кезінде берген түбіртектерді табыстау жолымен дәлелдеген Қазақстан Республикасының азаматтары.

Акцияға қатысуға құқы жоқтар:

– мемлекеттік кірістер органы қызметкерлері;

– заңды және жеке тұлғалар

– кәсіпкерлер өздерінің атына тіркелген бақылау-кассалық машинаның түбіртектері бойынша.

Бақылау-кассалық машиналардың түбіртектерін ұтыс купондарына айырбастау пункттері ұйымдастырылатын болады.

Акцияға қатысушыларға да, түбіртек санына да шектеу қойылмайды. Бұл ретте бақылау-кассалық машинасының 10 түбіртегіне бір ұтыс купоны



беріледі.

Бақылау-кассалық машинасының түбіртегі акция бір рет қана, акцияның жүргізу кезіндегі 1 сәуірден бастап 30 қарашаға дейін кез келген айында қатыса алады.

Акция үш кезең бойынша өтеді:

– бірінші кезең **аудан деңгейінде**, қала ішіндегі аудандарды қоса алғанда, сондай-ақ аудан-

найы жинақтаушы жәшікке салынады.

Купон айырбастағыш пункт **Ұлытау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында орналастырылған (мекен жайы : Ұлытау селосы, Абай көшесі 36 үй).** Күнделікті сағат 09-00-ден, 18-30-ға дейін қабылданады.

– Жезді кенті, Құтымбетов көшесі 37 үй, Жезді кентінің әкімшілігі, Әр аптаның жұма күндері **сағат 10-00-ден, сағат 13-00-ге дейін қабылданады.**

– Қарсақбай кенті, Болманов көшесі 73 үй, Қарсақбай кентінің әкімшілігі. Әр аптаның жұма күндері **сағат 15-00-ден сағат 18-00-ге дейін қабылданады.**

Басқа мекен жайлар бойынша жергілікті әкімшіліктер арқылы және жоғарыдағы мекен-жайлар бойынша өткізуге болады.

Жалпы, акция тұтынушы-

«Түбіртекті талап ет – жүлдені ұтып ал» акциясына 2-қосымша

«Чекті талап ет – жүлде ұтып ал!» акцияның қатысушысының ұтыс купоны

1. Акция Қазақстан Республикасы аумағында 01.04.2015ж. мен 30.11.2015ж. аралығында жүргізіледі.
2. Акцияға қатысушы үшін кассалық чектерді арнайы пункттерде ұтыс купонына айырбастау қажет.
3. Ұтыс купонын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алудың жалпы 01.04.2015ж. мен 30.11.2015ж. кем дегенде 10 кассалық чекті тапсырып, тегін алуға болады.

Розыгрышның купон участника акции

«Требу́й чек – выиграй приз!»

1. Акция проводится на территории Республики Казахстан с 01.04.2015 года по 30.11.2015 года.
2. Для участия в акции необходимо чеки контрольно-кассовых машин обменять на розыгрышные купоны.
3. Розыгрышный купон можно получить бесплатно, представив не менее 10 чеков контрольно-кассовых машин.

№ _____

№ _____

Ұтыс купонның түбіртегі
Корешок розыгрышного купона
Аты жөні/Фамилия, имя, отчество

ИИН/ЖСН _____

Мекен-жайы/Адрес
проживания

Телефон: +7() _____
Ұялы/мобильный телефон:

дар бойынша аумақтық бөлінулері жоқ қалалар.

– екінші кезең облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қалаларда;

– үшінші кезең республикалық деңгейде.

Акция жеңімпаздары купондарды кездейсоқ ойнату жолымен жариялы түрде анықталады.

2015 жылдың 1 сәуірінен бастап 30 қарашасы аралығында Акцияны өткізу кезеңінде, қатысушылар екі бөлімнен тұратын, Ереженің 2-қосымшасына сәйкес ойын купонын толтырады:

акция шарты туралы ақпараты бар және сәйкестендіру нөмірі бар бірінші бөлігі ойынға қатысушының өзінде қалады;

екінші бөлім қатысушының жеке мәліметтері толтырылып, (аты-жөні, тегі, мекен-жайы, телефоны және тағы басқа), ар-

лар құқығын қорғау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Чектер тұтынушы әрбір затты сатып алған сайын берілуге міндетті және олар өз кезегінде «көлеңкедегі» қаражатты айналымға түсіруге септігін тигізеді, бақылау-кассалық аппаратынсыз жасалған әрбір сауда «көлеңкеде» қалған ақша мен ел бюджетіне түспеген салық деген сөз. Сонымен қатар чек алынбаған жағдайда, сатып алынған тауар жарамсыз болып шықса, заңды түрде қайтаруға да жатпайды. Сондықтан аталған акцияға белсенді қатысуға шақырамыз.

Сондай-ақ Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының **2-13-21 «сенім телефоны»** жұмыс істейді.

Ұлытау ауданы бойынша кірістер басқармасы.

Маман кеңесі

Өсімдіктерді зиянкестерден, аурулардан, арамшөптерден қорғау кезінде қолданылатын химиялық зат пестицид (лат. Pestis-жұқпалы және side-өлтіру) деп аталады.

Пестицидтер (улы химикаттарды) қолданған химикаттар) зиянды және кезде улануды болдырмас ерекше қауіпті зиянды үшін қауіпсіздік шараларын организмдерге, тұқым дәрілеу, сақтау керек. Препараттарды өсімдік өнімдерінен алатын қолданған кезде арнайы өнімдердің ауруларынан қорғаныш киімдерін қолғап, қорғауға, арамшөптеріне, етік, респиратор, қорғаныш өсімдіктердің өсуін реттеу үшін көзілдірігін, халатты қолдану керек. Жұмыс аяқталған соң қолғапты (перчатки) шешпей пайдаланылатын химиялық тұрып 3-5% содалы ерітіндіге керек. Биологиялық және басқа заттар жуады. Респираторлар жуылып болып табылады.

Пестицидтерді ауыл шаруашылығында пайдалану кезінде улы химикаттар адамның денсаулығына, жан-жануарларға, қоршаған ортаға қауіпсіз болуы керек. Бұл

Егер уланып қалған жағдайда тез арада медициналық көмек көрсету

ПЕСТИЦИДТЕРДІ (УЛЫ ХИМИКАТТАРДЫ) ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

препараттарды пайдалану белгілі бір ережеге сай жүргізілуі керек.

Пестицидтер қолданылғаны нысанына, зиянкестерге әсер етуіне, химиялық құрамына қарай мынандай негізгі топтарға бөлінеді:

Инсектицидтер – зиянкес жәндіктерге қарсы күресуге қолданылады.

Акарицидтер- кенені жоюға арналған.

Фунгицидтер – өсімдіктерді аурулардан қорғауға арналған.

Гербицидтер – арамшөптермен күресуге арналған.

Родентицидтер – суыр, тышқан тұқымдас кеміргіштермен күресуге арналған.

Қазақстан Республикасы аумағында “2014-2022 жылдары пайдалануға рұқсат етілген пестицидтер тізімі» бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға болады.

Пестицидтермен (улы химикаттармен) жұмыс жасайтын адамдар міндетті түрде медициналық байқаудан өтіп және техникалық қауіпсіздік нұсқаулығын алуы керек. Медициналық байқаудан өтпеген жұмыскерлер жұмысқа жіберілмейді. Өсіресе жасы 18-ге толмаған 50 жастан асқан тұлғалар, сондай-ақ жүкті әйелдер де пестицидтермен (улы химикаттармен) жұмысқа жіберілмейді. Жұмыс жасаған уақытта тамақ ішуге, темекі тартуға, тамақ өнімдерін сақтауға, балалардың қатысуына болмайды. Сонымен қатар, пестицидтерді (улы химикаттарды) далада, жолдарда, қорғаусыз жерлерде тастауға болмайды.

Пестицидтерді (улы

керек. Уланған адамның белгілері: әлсіздік, шаршау, тітіркену, терлеу, қызулау, қышыну, көзінен жас ағу, бас ауру, жөтелу. Көмек көрсетудің белгілері: таза ауаға шығару, препарат тиген жерлерді сабынмен жуылады. Ал көзге түскен жағдайда тез арада таза сумен жуу керек. Ішке түскен жағдайда бірнеше стакан су беріп, стаканға марганец қышқылы ерітіндісі құйылған суды беріп құстыру керек. Құсқан соң 1 стакан тұзды су беріледі.

Өсімдіктерді пестицидтермен (улы химикаттармен) өңдеген кезде препараттардың жұмсалып мөлшері мен кепілдік берілген мерзімін қатаң сақтау керек. Ол үшін препараттардың қолданылуына арналған нұсқаулықты мұқият оқып, танысып шыққан абзал. Жеміс-жидектерге жемістің пісіп жетілген кезінде препараттарды қолдануға болмайды.

Егін шаруашылығымен

айналысатын шаруа

қожалық иегерлерінің

назарына!

Маусымдық кезеңде тұқым дәрілеуге, химиялық отауға (прополка) қатысатын адамдар міндетті түрде медициналық байқаудан өтіп, анықтаманы (справка) Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясына әкелулері керек.

М. ҚОҢЫРҚҰЛЖИНОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК
Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ

Заманымыз өзгеріп, қоғамымызда күрделі мәселелер қордаланып, адамзаттың азғындауы асқына бастағанда әйел затының да әлсіз тұстары әлекке сала бастады. Қылмыс әлеміне қыздар қатысып, қазақы қасиетімізге дақ түсті. Дегенмен, дүниеде себепсіз салдар болмайды. Сондықтан соңғы кезде белең алып кеткен әйел қауымының қылмысты істерінің нақты көріністерін анықтаумен бірге, оның алдын алуы да ойластырған абзал шығар.

Әйелдер қылмысының себептерінің негізінде, қоғам өмірінің нақты және белгілі бір шарттарымен тығыз байланысты қылмыс себептерінің әлеуметтік сипаты жатыр. Әйелдер қылмысының пайда болуына, оның қоғамдық қауіпті күшейтуіне, басымдылық пен қаталдық көрсетуге әсер ететін белгілі бір факторлар бар. Әйелдердің антиқоғамдық мінез-құлықтарының тағы бір себебі отбасылық міндеттері. Ю.М.Антонян өзінің «Әйелдер арасындағы қылмыс» кітабында келесі құбылыстар мен процестерді бөліп көрсетеді.

1. Әйелдердің қоғамдық өндіріске белсенді араласуы;

2. Әлеуметтік институттардың әлсіреуі, соның ішінде отбасының; 3. Қоғамдық шиеленістің өсуі, ондағы қақтығыс пен қастандықтың пайда болуы.

4. Антиқоғамдық құбылыстардың өсуі, есірткі, маскүнемдік, жезөкшелік, қаңғырушылық, қайыр сұраушылық.

Ю.М.Антонян төртінші құбылысты ерекшелігін ескере келіп, қылмыс тудыратын антиқоғамдық қылмыстық емес құбылыстарға жатқызады.

Бұл келтірілген құбылыстардың барлығы әйелдердің қылмысын туғызады, оның өзі біздің мемлекетімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени жаһандық құбылыстарға байланысты. Біздің ойымызша осы құбылыстардың әрқайсысын егжей-тегжейлі қарастыру керек. Және де әйелдердің қоғамдық өндірісте жұмыс істеу мәселесін де атап өту керек. Қоғамдық өндірісте жұмыс істейтін әйел материалдық құндылыққа ие болады. Алайда, оның өзі оны ұрлыққа итермелеуі мүмкін, егер де оның бірнеше ай еңбек ақы алмауын ескерсек, ұят туралы сөз қозғаудың өзі дұрыс емес. Себебі бірнеше ай ақша болмаса, үйде аш балалар отырса тонаушылыққа бармағанда не істесін?

Әйелдердің қылмыстық бару себептеріне байланысты, қылмыстық әрекеттердің түрлеріне бөлінуі:

1. адам өлтіру және адам денесіне ауыр жарақат салу;
2. ұрлық жасау;
3. алаяқтық;
4. қорқытып алушылық;

Мұндай жағдайларда қылмысты шартты түрде екі жағдайға бөлуге болады:

1. адам өлтіру анық жағдайда жасалған;
2. адам өлтіру анық емес (белгісіз) жағдайда жасалған.

Әйелдер тарапынан жасалынатын кісі өлтіру қылмысына ерекше көңіл бөліну керек. П.Н.Тарновская өзінің зерттеулеріне сәйкес барлық кісі өлтіруші әйелдерді екі топқа бөлген: бірінші топқа кенеттен сезімінің оянуынан немесе қызба мінезінен кісі өлтіретін әйелдер жатқызылған, яғни, оларға жыныстық сана сезім мен ана махаббаты салдарынан, пайдакүнемдік пен қызғаншақтықтан, кек алушылық пен жеккөрушіліктен қылмыс жасайтын әйелдерді жатқызамыз. Ал, екінші топқа айналасындағыны ұғыну қабілетінің жетілмегендігінен кісі өлтіретіндер, яғни, көңіл қанаға-

тының жеткіліксіздігіне, жыныстық жағынан болатын ауытқуларға байланысты, сонымен қатар, жүйке жүйесі ауыратын әйелдер жатқызылған. Нәрестесін өлтіру қылмысы да көптен бері көпшіліктің назарын аударып жүрген мәселелердің бірі. Әдетте, өзінің жаңа туған нәрестесін өлтірген әйел ерекше психикалық жағдайда болады. Мұндай ауыр қылмысқа көбінесе отбасы мен тұрғылықты мекен-жайы жоқ, материалдық жағдайы өте төмен қыз-келіншектер барады.

Ұрлық дегеніміз – бөтеннің мүлкін жасырын түрде алу болып табылады. Ұрлық жасайтын әйелдердің жеке тұлғасының ерекшеліктерін қарастыратын болсақ, оларды екі негізгі топқа бөле аламыз. Бірінші топқа ер адам және әйел адамдар ішінде жұмыс жасағысы келмейтін, бұрын сотталған, алдын ала өз әрекеттерін егжей-тегжейлі ойластыратын, қылмыс жасау дағдысы, тәжірибесі бар адамдарды жатқызамыз. Екінші топтағы адамдар қатарына – жұмыссыз қалғандар, тұрақты мекен –жайлары, отбасылары жоқтар жатады. Олар үшін ұрлық қалыпты жағдайда аяқ астынан пайда болған ниет бойынша жасалынады немесе қылмыс жасау жағдайы алдын ала еш дайындықты талап етпейді. Әйелдердің ұрлыққа баруының себебі алуан түрлі болып келеді. Біріншіден, жанұяда ер адамның болмағандығына байланысты балаларын жалғыз өзі асырап, жеткізу кезінде отбасындағы материалдық жетіспеушіліктер, екіншіден, жас қыздармыздың өз қызығушылықтарына қол жеткізе алмағандықтарына байланысты, үшіншіден, мақсатты түрде өз пайдасын жүзеге асыруды көздеген әйелдер ұрлық қылмысына барады.

Соңғы кездері қоғамда көптеп кездесетін әйелдердің қылмысы, бұл алаяқтық. Алаяқтық, яғни бөтен мүлікті ұрлау немесе мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу меншікке бағытталған қылмыстар қатарына жатады. Меншікке қарсы қылмыстардың ішінде алаяқтық қылмысы сирек кездесетін, бірақ кейінгі жылдары әйелдердің қоғамға, билік басына араласуына байланысты, оның өсу қарқыны бірден көзге түсе бастады.

Біздің қоғамда көбінде жас қыздардың арасында кездесетін қылмыс қорқытып алушылық, бұл дегеніміз, бөтеннің мүлкін күш қолдану арқылы тартып алу. Әдетте қорқытып алу қылмысын әйелдерде 16-35 аралығындағы бұрын сотталған әйел адамдар жасайды. Осы аталған қылмыстардың барлығын әйелдер өз пайдаларына көздеп немесе қандай да бір кекалушылық арқылы жүзеге асырады. Сонымен, әйелдер қылмыстылығының бүгінгі таңдағы негізгі себептері мынадай: Әйелдердің қоғамдағы рөлінің артуымен байланысты кейбір теріс пиғылды әйелдердің әрекеті; әлеуметтік негізгі институттардың, әсіресе отбасының әлсіреуі; қоғамдағы тұрақсыздық, адамдар арасындағы жанжалдардың көбеюі, агрессияның, қастандық сияқты құбылыстардың белең алуы; есірткіге құмарлық, алкоголизм, жезөкшелік, қаңғыбастық және т.б. қоғамға қайшы әрекеттердің етек жаюы.

Б. БЕГАЕВ,
ҚСЖАЕК Қарағанды облысы бойынша басқармасының
ҚСЖАЕА Ұлытау ауданы бойынша прокуроры.

Қоғам. Адам. Заң

Азаматтық және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша істерді қарау тәртібін белгілеп, қоғамдық қатынастарды реттейтін біраз заңнамаларға соңғы кезде елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Солардың бірі – сот актілеріне апелляциялық, кассациялық шағым және қадағалау тәртібімен қайта қарауды сұрап, өтінішхат бергенде мемлекеттік баж алынуы. Енді соған толығырақ тоқтала кетейік.

2014 жылы 17 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгері-

лау тәртібімен қайта қарау туралы өтінішхат бергенде баж Астана қаласы Есіл ауданында орналасқан ҚР Жоғарғы Сотына аударылуға жатады.

Айта кету керек, бұрынғы заң бойынша бұндай шағымдар

стер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен ҚР Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті туралы кодексінің (Салық кодексі) 535-бабының 1-бөлігінің 14)-тармағымен «мүліктік және мүліктік емес сипаттағы даулар үшін соттардың шешімдеріне және қаулыларына сот актілерін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы, апелляциялық, кассациялық шағымдардан және өтініш хаттардан – мүліктік емес сипаттағы талап-арызды беру кезінде алынатын баж мөлшерінің, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша – арыз иесі дауласатын сома негізге алына отырып есептелетін мемлекеттік баж мөлшерінің 50 пайызы алынады» деп толықтырылған. Ал, Салық кодексінің 547-бабының 3)-тармағында «Мемлекеттік баж уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасаған және (немесе) құжаттарды берген жері бойынша есепке алынады» деп көрсетілген. Бұл баптың тәртібі бойынша сот актілерін қадаға-

мен өтініш хаттардан баж алынбайтын. Сол себепті және жаңа заңды білмегендіктен жеке және заңды тұлғалардан осындай шағымдар мен өтініш хаттар баж төленбей немесе баж төлегені туралы түбіртексіз, не баж іс-әрекет жасаған жерге аударылмай жіберілгендіктен, олар Жоғарғы соттан және облыстық соттан иелеріне кейін қайтарылып жатқан жағдайлар кездесіп жатыр. Сондықтан көпшілік біле жүрсін деп, шағымдарды қарау кезінде баж салығын аудару деректемелерін газет бетіне жариялауды жөн санадық.

Қадағалау сатысында (ҚР Жоғарғы сотында) шағымдарды қарау кезінде баж аудару деректемелері: Бенефициар: «ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

БСН 081240013779
ЖСК КЗ40770105КС0000000

АУДАНДЫҚ СОТТЫҢ СУДЬЯЛАРЫ, МАМАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ СОТ ҒИМАРАТЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫ

болмайды.

Сот мәжіліс залында қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік құқықбұзушылық істер қаралып жатқанда, іске төрағалық етуші судьяның рұқсатынсыз өз бетінше тұруға, жүруге немесе орнында отырып сөйлеуге рұқсат етілмейді.

Жоғарыда аталып көрсетілгендей тәртіпті бұзғаны үшін іске төрағалық етуші судьяны құрметтемеушілік орын алып жатса Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 653-670-баптары, яғни сот жасаушының заңды талабын орындамағаны үшін әкімшілік немесе қылмыс құрамы белгілері орын алса қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қауіпсіздік шараларының ұйымдастырылуына сәйкес қару және басқа да рұқсат етілмеген заттарды сот ғимаратына алып өтуіне жол бермеу үшін сот ғимаратына келушілер арнайы жабдықталған тексеруден, ал

Бенефициар банк: ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ММ, БСК ККМФКЗ2А, Салық органының коды: 6205, БКК 108102, ТТК 911.

Кассациялық шағым бергенде аударылатын мемлекеттік баж деректемері:

Бенефициар: «Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» ММ, БСН 950740000498, ЖСН 302000027759, ЖСК КЗ240701КС0000000.

Бенефициар банкі: «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ, БСК

ККМФК2А, Салық органының коды: 3020, БКК 108102, ТТК 991.

Ұлытау аудандық сотына талап-арыздар апелляциялық шағымдар бергенде аударылатын баж деректемелері: мекен-жайы: Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 1, Бенефициар: «Ұлытау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» ММ, БСН 961240000890, ЖСН 302300000274, ЖСК КЗ2407105КС0000000.

Бенефициар банкі: «ҚР Қаржы Министрілігінің Қазынашылық комитеті» ММ, БСК ККМФЗ2А, Салық органының коды: 3023, БКК 108102, ТТК 991.

Мемлекеттік баждың соттардағы мөлшерлемелері Салық кодексінің 535-бабында толық көрсетілгенін, ал бір айлық есептік көрсеткіш 2015 жылға 1982 теңге мөлшерінде екенін естеріңізге сала кетейік.

Е.БЕЙСЕМБАЕВ,
Ұлытау аудандық сотының судьясы.

қажет болған жағдайда жеке қол заттары да тексерілуге жатады. Шақыру қағазымен іс бойынша келген жеке тұлға, заңды тұлғаларға ғимарат ішінен арнайы бөлме дайындалған, өз беттерімен сот ғимараты ішінде рұқсатсыз жүріп тұруға, қызметтік бөлмелерге кіруге, сот мәжіліс залында ұялы телефон, суретке түсіру, видео жазбалар пайдалану тек іске төрағалық етуші судьяның рұқсатымен ғана шешіледі.

Жоғарыда аталған ережелерге сәйкес мамандандырылған кезекші полиция қызметкері мен сот жасаушының заңды талаптарын қатаң сақтау сотқа келушілерге міндетті болып табылады. Осындай қауіпсіздік шараларының орын алуы бүгінгі күнде судьялардың, сот қызметкерлері мен сотқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Х.ЕРЖАНОВ,
аудандық соттың аға сот жасаушысы.

ЖОҒАРЫ ӘСКЕРИ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

Әскери оқу орындары – барлық саладағы әскери мамандарды даярлайтын орта және жоғары арнаулы әскери білім беретін оқу орындары. **Негізгі міндеттері:** Қарулы Күштерге қажетті командирлер, тәрбиешілер мен әлеуметтік-құқық саласының қызметшілері, инженер-техниктер, т.б. арнаулы мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттырып, әскери білімдерін, дайындықтарын жетілдіру. Әскери оқу орындарының тыңдаушылары әскери басшылық саласына маманданған, жалпы тактика, арнаулы әскер түрлерінің тактикасы, т.б. оқып-үйренеді. Оларда әскери-техникалық даярлыққа (қару мен әскери техниканы меңгеруге) да үлкен маңыз беріледі. Сондай-ақ, әскери оқу орындарында қоғамдық ғалымдарды да терең оқытып, үйретеді, әскери педагогика мен әскери психологияны, армиядағы саяси-ұйымдастырушылық жұмыстар әдістемелерін оқып зерттейді. Қазақстандағы әскери оқу орындары қатарында Алматы жоғары әскери академиясы, Шекарашылардың жоғары әскери институты, ҰҚК-нің, Алматы жоғары әскери институты, Ақтөбе жоғары әскери авиация институты, Ақтау қаласы Әскери-теңіз институты, Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусы, жоғары оқу орындары жанындағы офицерлер даярлайтын әскери кафедралар, курстар, Астанадағы армия-генералы С.Нұрмағанбетов атындағы «Жас ұлан», Алматыдағы Б.Момышұлы атындағы, Қарағанды, Шымкент қалаларын-

дағы әскери бағыттағы орта арнаулы мектептері, т.б. бар. Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі Т.Бигелдинов атындағы авиация мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны 1974 жылы ашылған. Оқу мерзімі 4 жыл. 4 факультеті, 16 кафедрасы бар. Инженер-ұшқыш, инженер-психолог, жалпы инженер, т.б. (барлығы 13) мамандықтар бойынша авиация кадрларын даярлайды. Училищеде 11 ғылым кандидат ұшқыштар, нұсқаушылар, инженер-оқытушылар дәріс береді. Кітапханасы, оқу-әдістемелік ғимараты, оқу залдары, жатақханасы, тренажер орталығы бар. 1996 жылдан Венгрия, Ауғанстан елдері үшін де ұшқыштар даярлайды. Сырттай оқытатын бөлім жұмыс істейді. Генерал С.Нұрмағанбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі мемлекеттік және шет тілдерін, әскери пәндерді терең оқытумен және күшейтілген дене даярлығымен орта жалпы білім беру оқу орны ретінде «Генерал С.Нұрмағанбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі» ММ-ні құру мәселелері туралы ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 27 наурыздағы №309 қаулысына сәйкес құрылды. Мектеп-интернат түріндегі оқу орны болып табылады, мектептің тәрбиеленушілері ұландар деп аталады. Мектеп мынадай қызмет түрлерін: Ұландардың шығармашылық, рухани және дене бітімін дамытуға мүмкіндіктерді дамытады, адамгершілік пен саламатты өмір салтының тұрақты негіздерін қалыптастырады, дарашылдықты дамыту

үшін шарттар жасау жолымен санатшылдығын байытуды; азаматшылықты және патриотизмді, өз Отаны – ҚР-на деген сүйіспеншілікке, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтың әдет-ғұрпын қадірлеуге, кез-келген конституцияға қарсы және қоғамдық көріністерге қарсы төзбеушілікке тәрбиелеуді; әлемдік және отандық мәдениеттің қол жеткізулерін жинақтауды, қазақ және республиканың басқа да халқының тарихын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын зерделеуді; мемлекеттік, орыс және шет тілдерін меңгеруді; оқытудың жаңа технологияларын енгізуді, білім беруді ақпараттандыруды; жоғары жалпы мәдениетті, адамгершілікті, моральдық-психологиялық, іскерлік және ұйымдастырушылық қасиеттерін қалыптастыруды; ұландарда ар-намысты, адамгершілікті, адамның құқықтары мен бостандығын сыйлауды дарытуды; білім беру процесінің құрамдас бөлігі және мектеп қызметінің негізгі бір түрі болып табылатын тәрбие жұмыстарын жүргізуді жүзеге асырады. **Тілек білдіруші үміткер-жастар Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне, тел: 2-14-71; 2-16-01 хабарласуларын сұрайды.**

Ә.ҚҰСАЙЫНОВА,
Әскери қызметшілерді келісімшарт бойынша іріктеу және әскерге шақыру бөлімше басшысының көмекшісі.

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАҰ БІЛЕҮІК!

Құрметті село тұрғындары! ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша 10 сәуірден бастап, өрт қауіпсіздігін сақтау мерзімі басталады. Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Орман және жануарлар әлемін қорғау жөнінде Ұлытау шаруашылығы КММ қызметкерлері Ұлытау селосының тұрғындарына және келуші қонақтарға

демалатын орындардағы ескерту тақтайларын оқып, балаларды табиғатты қорғап, аялауға шақырады.

Орман адам өмірінде маңызды орын алады. Қазақстанның аумағын бұталы жерімен қосқанда 0,03%-ын құрайды. Сондықтан барлығымыз табиғатты аялап, табиғат байлығын ерекше қорғап, өскелең ұрпаққа, балаларымызға түсіндіріп, болашаққа мұра ретінде

қалдыруымыз керек. Сондықтан да барлығымыз табиғатқа зиян келтірмей, өрт қауіпсіздігін сақтауға біркісідей атсалысайық.

М.МҰҚАНОВ,
Орман және жануарлар әлемін қорғау жөнінде Ұлытау шаруашылығы КММ-нің инспекторы.

ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

Қарағанды қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің тапсырысы бойынша, 1902 жылы туған бұрынғы Қарағанды облысы Жезқазған ауданының тумасы Абелды Отаубаевтың туыстары іздестірілуде. Абелды Отаубаев Жезқазған әскери комиссариатынан соғысқа шақыртылып, 1942 жылдың 10 қараша күні Көкшетау қаласында госпитальда жарақаттан қайтыс болған. Соңғы қызмет атқарған

орны 367 зап.атқыштар полкы. Мұрағаттық деректер бойынша бауыры Абсейіт Отаубаев Қарағанды облысы Қарсақбай поселкесі Жезқазған көшесі 23 үй, 1-пәтерде тұрған. Жезқазған облысы бойынша «Боздақтар» естелік кітабының 243-парағында Абелды Отаубаев, Шүкір Отаубаевтың Жезқазған әскери комиссариатынан шақыртылғаны туралы деректер енгізілген. Кітаптағы деректер бойынша Шүкір

Отаубаев туысы болуы мүмкін. Сондықтан Сіздерден осы берілген деректерге сүйене отырып, 1902 жылы туған Абелды Отаубаевтың туыстарын іздестіруде көмек көрсетуіңізді сұраймыз.

Ұлытау ауданындағы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ұлытау ауданының ветеринариялық станциясы» КМК 2015 жылдың 10 сәуірінен бастап Ұлытау, Қаракеңгір, Сарысу, Борсеңгір, Жезді кенттері орталықтарында село, кент тұрғындарының ірі қара малдарын асылдандыру мақсатында жасанды ұрықтандыру жұмыстары жүргізілетінін хабарлайды.

Ұлытау селосы бойынша – 2-14-66; Қаракеңгір – 24-4-22; Сарысу – 23-7-56; Борсеңгір – 23-5-78; Жезді – 21-7-29 телефондары арқылы ақпарат алуға болады.

«Ұлытау ауданының ветеринариялық станциясы» КМК.

Жарамсыз деп табылады

Сарысу ауылы Сейфуллин көшесі №11 үйдің тұрғыны Рымбаев Мейрам-Ерланнның атына 2006 жылы 30 желтоқсанда берілген Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған нысанды қолданысқа қабылдау туралы №3073р Актісі, Ұлытау ауданы әкімінің №3073ө Әкімі, жылжымайтын мүлікті жария ету жөніндегі комиссиясының №989 шешімі және 2008 жылы 19 ақпанда берілген жер учаскесінің жекеменшік иесі құқығы берілгені туралы №2183 Акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

ЕСКЕ АЛУ

Халқының адал ұлы, ардақты досымыз, аяулы жан **Сламахунов Азамат Құрманжанұлының** бақилық болғанына 14 сәуір 2015 жылы 10 жыл болады.

Ол Азамат десе азамат еді. Жанды жатырқамайтын ақкөңіл, адал дос еді. Сұм ажал ортамыздан тым ерте алып кетті. Біз оны сағындық, бірақ енді ол бізге жоқ. Біздің қолымыздан келері оны еске алып, дұғадан жоқтап, Алла жаныңды жәннәтта етсін деп тілеу ғана. Алдың жарық, артың қайырлы болсын, аяулы досымыз Азамат!

Еске алушылар: құрбы-құрдастары.

Егінді селолық округі әкімінің аппараты Егінді ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Манат Смағұловқа зайыбы **Жұпаркүл Нәбиқызының** қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Қадыр Мәткеновтің туғанына – 80 жыл

САҒЫНДЫМ ҚАДЫР АҒАМДЫ (АРНАУ)

Жәннатта болсын жаның, Қадыр ағам
Отырсың жол шетінде қарап маған
Бүгін аға өзіңнің туған күнің
Сексенге келер едің тірі болсаң.

Мынау өмір тұрады белестерден,
Көз алдыма өткен күнді елестетем
Қадыр ағам жақсылығын көп көрген ем,
Ағама арнау жаздым өлеңменен.

Қарсақбай, қара шаңырақ, Қадыр ағам,
Еді ғой елге сыйлы қадірлі адам
Кешегі қисапсыз бір қиын кезде
Шайқалтпай шаңырақты ұстап қалған.

Қадыр ағам, еді ғой өзі ақын,
Жанынан жыр шумағын шығаратын.
Төрт шумақ өлеңменен мақтап алып,
Ал бала, осыным қалай деп тұратын.
Қадыр ағам, еді ғой өзі мырза,
Алдына келген жанның бәрі риза
Сол көптің бірі мына менмін
Сол күндерді еске алып, сағынамын.

Қырық жыл арқаладың нардың жүгін,
Нар аға, ортамызда жоқсың бүгін
Ісінді алға қарай жалғастырып,
Ізінді басып келеді Мұрат інім.

Талбесікте «кіндік қарағайда» тербелдің,
Сұлу Көкше баурайында ержеттің.
Жоғарғы білімменен осы жерге келдің де
Қарсақбайдың бел баласы боп кеттің.

Осы жерде тамырыңды жайдың кең,
Семья құрдың Шәрбандай асыл жеңгеммен
Дүниеге 4 қыз, 3 ұл әкеліп, тәрбиелеп,
Үлгілі жанұя Қарсақбайда атандың.

Жер бесікті осы жерден таңдадың,
Қарсақбайды көркейту еді арманың.
Өзіңізге арнап, інің жазды арнауын
Ал аға, риза болсын әруағың.

Айтболат МҰҚАНОВ,
зауыт жұмыскері.
Қарсақбай кенті.

ҚАДЫРДЫҢ ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ, ҰЛАҒАТЫ ҰРПАҚҚА ҚАЛАДЫ

(Қ.Мәткенов тірі болса 12 сәуірде 80 жасқа келер еді)

Сағындық қой, қайран Қадыр ағамыз,
Ерекше еді елге Сіздің бағаның.
Алып кетті ортамыздан сұм ажал
Енді Сіздей жанды қайдан табамыз.

Ақылшысы, ұстазы едің жастардың,
Алдың талай биіктерін асқардың.
Қарсақбайдың қалтыратпай зауытын,
Қырық жылдай оны мықты басқардың.

Қара тастың қалқып алдың қаймағын,
Қазанында мыспен бірге қайнадың.
Арамызда жоқсың бүгін амал не?
Сағынып жүр ауыл-жұртың, аймағың.

Көп еді Сізде мейірім мен кешірім,
Талай жанға аштың бақыт есігін.
Жаныңды Алла жәннатта етсін әрқашан,
Ел есінде қалар мәңгі есімің.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ.

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау ауылының тумасы, Ұлытау селосының тұрғыны болған, ардақты әке, сүйікті ата **Дүйсенбек Бірмағанбетұлы Сүлейменовтің** фәниден бақиға озғанына сәуір айының 20-шы жұлдызында 10 жыл толады. Ардақты әкемізді жүрегіміз елжірей сағына отырып еске алып, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын деп, рухына құран бағыштаймыз.

Асыл жар, аяулы әке асқаралы,
Ұрпағың бүгін Сізді еске алады.
Сіз өмірден өткелі 10 жыл өтті,
Сағынғанда көзімізден жас тамады.
Алла ісіне қалай қарсы шығамыз,
Тағдыр қатал, оны да біз ұғамыз.
Қабіріңе нұр жауып Алланың,
Қабыл болсын дейміз біздің дұғамыз.

Еске алушылар: жұбайы Нұржамал, балалары – Динара-Ерболат, Дулат-Гүлжан, Талғат-Гүлнұр, Сәулет, немерелері – Тоқтамыс, Бейбарыс, Жанарыс, Фатима, Әмина, Бахрус, Шырын.

Марқұм әкеміздің 10 жылдығына арналған ас 2015 жылы сәуір айының 19-шы жұлдызында сағат 13.00-де Ұлытау селосындағы «Тассай» дәмханасында беріледі. Ағайын-туыс, құда-жекжат, әкеміздің нағашыларын, достарын, қайыңжұртын, ауылдастарын, көршілерімізді шақырамыз.

Бәрекелді!

ЖЕЗДІЛІК СПОРТШЫЛАР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Сәуір айының 3-5 күндері аралығында Жаңаарқа ауданында Қазақстан Республикасының «Кәсіптік білім беру ісінің үздігі», «Құрмет белгісі» орденінің иегері, самбо күресінен КСРО спорт шебері, КСРО ауыл спортшыларының күміс жүлдегері, Қазақстанның бірнеше дүркін жеңімпазы және Орта Азия жарыстарының жеңімпазы Абдахмет Ижанұлы Қалжановты еске алуға арналған дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир өтті. Оған 1998-1999 және 2001-2002 жылдары туылған балғын балуандар қатысты.

Ашық турнирде Тараз, Астана, Қарағанды және Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Жаңаарқа, Ұлытау аудандарынан 10 салмақ дәрежесі бойынша 160-қа жуық балуан бақ сынасты. Байрақты бәсекеде Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының аға жаттықтырушысы Т.Абдишевтің шәкірттері Жылкелді Құдайбергенов, Заманай Садуақасов, Ерасыл Бірімжанов, Жанболат Жакен, Заманай Болат, Ақжол Алшынбек сынды жас спортшыларымыз Ұлытау ау-



данының намысын қорғады.

81 келі салмақ дәрежесінде Жезді аралас мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы Жылкелді Құдайбергенов бірінші орынды жеңіп алса, 73 келіден жоғары салмақ дәрежесінде №6 Жезді орта мектебінің 8-сынып оқушысы Заманай Садуақасов екінші орынды, 34 келі салмақ дәрежесінде 5-сынып оқушысы Ақжол Алшынбек III-орынды иемденді. Осылайша жезділік спортшылар ауылымызға үлкен олжамен оралды.

А. ОҚАП,
Жезді кенті
Мәдени-
сауықтыру
орталығының
қызметкері.

«ЖЕҢІС ЖАЙЛЫ ЖҮРЕГІММЕН ЖЫРЛАЙМЫН»

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, кентімізде түрлі іс-шаралар өтуде. Соның бірі – «Жеңіс жайлы жүрегіммен жырлаймын» деп аталатын ән байқауы.



Жас орындаушылар шеберлігін шыңдау, қолдау көрсету, патриоттық әндерді жан-жақты насихаттау, жас ұрпақтың рухани ұстанымына айналдыру мақсатында өткізілген бұл байқауға 18 бен 30 жас аралығындағы әуесқой әншілер қатысты. Байқауға Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығы мұрындық болды.

Көрермендерге әсерлі көңіл-күй сыйлаған ән байқауы екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім «Отан, туған жер» тақырыбындағы әндерге арналса, екінші бөлімде «Жеңіс» туралы әндер шырқалды.

Байқауға №6 Жезді орта мектебінен Алмагүл Өлімжа-

нова, кент әкімдігінен Мәрия Түсіпова мен Айдана Жәкенова, аралас мектеп-интернатынан Гүлмира Смағұлова, «Айгөлек» балабақшасынан Жазира Исмағұлова, «Таңшолпан» балабақшасынан Майра Нысапбергенова сынды талапкерлер қатысып, бар өнерлерін көрсетіп, бақ сынасса, оларға Мәдени-сауықтыру орталығының қызметкерлері – режиссеры Ш.Искаков, жасөспірімдермен іс-шара ұйымдастырушы Ғ.Женсикбаева, Жезді тау-кен балқыту ісі тарихы мұражайының жас маманы А.Төлегенова әділ бағасын беріп, төрелік жасады.

Байқаудың шымылдығы

«Жезді жұлдыздары» халықтық ән-би ансамблінің әншісі Ө.Сұлтанбекова «Айналдым елім» әнімен ашылды. Ән байқауында К.Дүйсекеевтің «Сәлем саған туған ел», Р.Әлқожаның «Атамекен», С.Бәйтеректің «Сарыарқа», Оңдасыновтың «Қазақ елі», С.Бәйтеректің «Әлия», М.Блантердің «Катюша», Ж.Сейіловтің «Ана туралы баллада», Г.Петербургскийдің «Синий платочек» әндерін қатысушылар әсерлі де әсем, нақышына келтіре орындап, ел қошеметіне бөленді.

Байқау соңында әділқазылар алқасының шешімімен Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткізілген «Жеңіс жайлы жүрегіммен жырлаймын» атты патриоттық әндер байқауына белсене қатысқаны үшін М.Нысапбергенова мен А.Жәкенова Алғыс хатпен, М.Түсіпова III-орын, Ж.Исмағұлова II-орын, Г.Смағұлова I-орын иемденді. Байқаудың бас жүлдесін А.Өлімжанова қанжығасына байлады. Қатысушылардың барлығына Мәдени-сауықтыру орталығының атынан бағалы сыйлықтар табыстады.

Ән байқауының шымылдығы Мәдени-сауықтыру орталығының жас әншісі А.Тойшан орындаған «Жаса, қазағым» әнімен жабылды.

Э.ҚАЙДАУЫЛОВА.
Жезді кенті.

ӘЛЕСУМЕТТІК ГАЗ!
Электр қуатынан әлдеқайда тиімді!

Әртүрлі модификациялық газплиталарды (бағасы 2 000 тг-ден) тікелей зауыттың бағасымен тегін жеткізуге тапсырыс қабылдаймыз!

Газды қала бағасымен кесте бойынша мезгілінде үйлеріңізге дейін тегін жеткіземіз!

Баллондарымыз толы!

Газ баллондары Ұлытау, Жезді, Өрнек, Қарсақбай әрбір айдың 2,4 (екінші, төртінші), жексенбі (демалыс) күндері, Борсеңгір, Сарысу әрбір айдың 3 (үшінші) жексенбі (демалыс) күндері жеткізіледі.

Ағымдағы жылдың 12 сәуірінен жұмысымызды бастаймыз.

Координаторлар, тапсырыс қабылдаушылар:
87777070555.

Толық мәліметті Жезқазған Газ Қызметі диспетчерінен алуға болады. Демалыссыз барлық күндері сағ: 10.00 - 18.00 аралығында хабарласа аласыздар. тел: Жезқазған қаласы 8(7102)77 33 23; Сәтбаев қаласы 8(71063)7 05 55.



Үлкен/орта баллон –
2800 тг/1400 тг
Баллондарымыз толы!
Тегін жеткіземіз!

Дәрігер кеңесі

САҰ БОЛЫП
ТУҒЫМ КЕЛЕДІ!

Құрсақтың туа біткен даму ақауы (ТДА): Бұл туралы Сіз нені білуіңіз керек?

Туа біткен ауруларға болып тек тұқым қуалайтын аурулар ғана емес, туылған кезде болатын басқа аурулар мен ауытқулар да жатады. Оған жататындар, мысалы, бұрын «қасқыр ауыз», «қоян жырық» деп аталған ерін мен таңдайдың жырықтығы, саусақ ақауы (синдактилия, полидактилия), жүрек, ішкі ағзалар ақауы.

Ақаулардың дамуына себептері болуы мүмкін:

сыртқы ортаның зиянды әсерлері (темекі шегу, алкоголь), қиын жағдайлардағы сол және басқа ағзалардың дамуына әсер етуі, фоли қышқылының жетіспеуі, анасының жұқпалы аурумен ауруы (қызымық).

Құрсақтағы ТДА және тұқым қуалайтын аурулардың дамуына қауіпті әсері: ананың бала туу жасының кештігі (35 жастан жоғары); жұқпалы вирустар; алкоголь;

темекі шегу; есірткілер; дәрі ішу; кәсіби зияндылықтар.

Ультрадыбыстық зерттеу диагностикасын қашан жүргізеді (УДЗ): бірінші жүктіліктің 10-14 аптасында; екінші жүктіліктің 20-24 аптасында; үшінші жүктіліктің 32-34 аптасында.

Биохимиялық зерттеу туралы не білу керек? Қан



сарысуынан қандай да бір гормондарды зерттеу, олардың деңгейі өзгерген кезде баланың хромосомалы аурулармен туу қаупі артады (Дауна ауруы, Патау, Эдвардс

синдромы).

Биохимиялық зерттеу қашан жүргізіледі? Бірінші жүктіліктің 10-14 аптасында, бұл мерзімде плацентарлық протеиннің деңгейі анықталады. Екінші жүктіліктің 16-21 аптасында, альфа-фетопротеин деңгейі анықталатын кезде (АФП).

С.ШМАНОВА,
акушерка.
Аманкелді ауылы.

Ауқандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1550 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 14



**Директор -
Бас редактор
ЕЛТЫНДЫ ДҮЙСЕНБАЕВ**